Үш қоңыр

Әдебиет – ардың ісі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-konyr.kz №15 (534) 16 сәуір 2021 жыл

12-сәуір – Халықаралық авиация және ғарышкерлер күні

ҚАЗАҚ ПЕН ҒАРЫШ

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ ҚЫРАНЫ

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ – қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, ұшқыш. Ол 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында дүниеге келген.

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ ғарышта 7 күн 22 сағат 13 минутты, Талғат МҰСАБАЕВ 341 күн 9 сағ 48 мин, ал Айдын АЙЫМБЕТОВ 9 күн 20 сағ 13 мин 51 с болған.

1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағы Ғарышкерлер даярлау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. 1991 жылы 10 қазанда Жерге оралды.

ӘУБӘКІРОВ тек қана ғарышкер емес, сонымен қатар экспериментке қатысқан алғашқылардың бірі. Ол бірінші рет қазақ ғалымдарының тәжірибе барысында жасаған қазақ асханасының сублимацияланған тағамдарын қолданып көрді. Бұл тағамдарға: айран, ірімшік, ет жатады.

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ – әлемнің 256-ғарышкері болса, Талғат Мұсабаев 309-ғарышкері. Айдын Аымбетов әлемнің 545-ғарышкері.

Талғат МҰСАБАЕВ – 1951 жылы 7 қаңтарда Алматы облысы, Жамбыл ауданы Қарғалы кентінде дүниеге келген. Ол Қазақстанның екінші ғарышкері.

1994 ж. ғарышқа 1-рет ұшқанда (Союз ТМ-19) 126 күн ғарышта өткізген.

1998 ж. ғарышқа 2-рет ұшқанда (Союз ТМ-27) 208 күн ғарышта өткізген. Гиннестің үздік табыстар кітабында бір айдың ішінде 5 рет не бары 30 сағат 8 минут ұзақтығымен ашық ғарышқа шыққанны жазылып алынған.

2001 ж. ғарышқа 3-ші рет ұшқанда (Союз ТМ-32) 8 күн ғарышта өткізген.

Талғат МҰСАБАЕВ ғарышкерлер арасында алғашқы хирург атанған.

Үш қыранға да ғарыш кеңістігін игеруге сіңірген аса зор еңбегі, ғарышқа ұшу кезінде көрсеткен батырлығы мен ерлігі үшін «Халық қаһарманы» атағын берілген.

Айдын АЙЫМБЕТОВ – 1972 жылы 27 шілдеде Алматы облысы, Талдықорған қаласы, Өтенай ауылы дүниеге келген.

2015 жылы 2 қыркүйекте 2-бортинженер ретінде транспорттық пилоттанған «Союз ТМА-18М» кемесінде ЭП-18 саяхаты аясында Байқоңыр ғарыш станциясынан Халықаралық ғарыш станциясына аттанды.

Айдын Айымбетов ғарышта 10 күн болып, маңызды зерттеулер жүргізген болатын. Халықаралық ғарыш станциясынан оралған Айымбетовті президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі күтіп алды.

Тоқтар ӘУБӘКІРОВ пен Айдын АЙЫМБЕТОВТЫҢ туған күндері бір күнде, бір айда, яғни 27 шілдеде. Екі ғарышкеріміз де Армавир жоғары әскери ұшқыштар училищесінің түлектері.

Қазақ жерінде дүниеге келіп, кейін Ресейге көшіп кеткен ғарышкерлер:

Шаталов Владимир Александрович, 1927 жылы 8 желтоқсанда Қазақ автономиялық социалистік республикасы кезінде Петропавл қаласында туған. Ғарышқа алғашқы ұшу 1969 жылдың 14-17 қаңтарында жасалды.

Викторенко Александр Степанович 1947 жылы 29 наурызда Қазақ КСР-нің Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келді. Александр Степанович 1987 жылы 22 шілдеден бастап 30 шілдеге дейін «Союз ТМ-3» кемесі экипажының командирі А.П. Александров пен М.Фариспен (Сирия) және Мир орбиталық кешенінде Ю. В. Романенко және А.Лаврикинмен болды. Ол «ТМ-2 Одағы» А Лавейкин мен М. Фариспен Жерге оралды. Рейс 7 күн 23 сағат 04 минут 55 секундқа созылды.

ЖАЛПЫ ҒАРЫШКЕРЛЕР ЖАЙЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ 13 МӘЛІМЕТ

Ғарышты зерттеу тарихында ғарышта ешкім қаза тапқан жоқ. Жазатайым оқиғалар болған. Бірақ олардың бәрі Жерден ұшқан кезде немесе орбитадан түсу барысында болды. Барлығы атмосферада қаза тапты.

Жалғасы 3–бетте

МҰСЫЛМАН МЕРЕКЕЛЕРІ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Аққали АХМЕТ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы.

Барша мұсылман қауымына белгілі Рамазан – мұсылмандардың ай есебі бойынша тоғызыншы ай, қасиетті Ораза айы. Осы айда Мұхаммед пайғамбарға (ғ.с.) алғаш Құран аяттары түсіп, пайғамбарлығы аян болған. Рамазан айының құрметіне тарауық намазы оқылып, Құран хатым етіледі. Бұл айда мұсылмандар ораза ұстап, Рамазан айын құрметпен қарсы алып, құрметтеп шығарып салады. Рамазан айы өткесін алғашқы күні айт намазы оқылып, айт мерекесі атап өтіледі. Осы мұсылман мерекелері өлкемізде өткен ғасырда қалай атап өтілді, ол туралы архив деректері не дейді. Сонымен Ресей Федерациясы мемлекеттік архивінің №6991-қорының, 3-тізімі, 377-ісінде өлкеміздегі діни ахуал және дін өкілдері жөнінде «құпия» грифі соғылған құжаттар сақталған.

... 1948 жылдың 20 қарашасында Гурьев облыстық Дін істері жөніндегі кеңестің уәкілі Габдрахманов КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері Кеңесінің төрағасы Полянскийге жолдаған мәлімдемесінде Гурьев облысы көлемінде 4 мұсылман және 1 ескі дәстүршіл (христиан) қауымы болған. Қалада 1 мұсылман және ескі дәстүршіл қауымы, Мақат ауданында Доссор, Мақатта – 1, Жылыой ауданы Құлсары да бір мұсылмандар қауымы болды. Уақытында қаладағы екі діни қауым өкілдері тарапынан жергілікті үкімет органдарына мешіт пен Успен шіркеуін діни жоралғыларды өтеу үшін қауымға қайтарып беру туралы өтініштерін бергенімен, оларға рұқсат берілмеген.

1948 жылдың ІІІ тоқсанында КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Дін істері Кеңесі өз тарапынан Гурьев қаласындағы мұсылмандар қауымының өтінішін орындаған, яғни сол жылдың 15 қыркүйігінде барлық ережелер мен нұсқаулықтарды сақтай отырып қаладағы мұсылмандар қауымы тіркелуден өткен. Сөйтіп қалада ұзақ жылдар бойы өкімет тарапынан тиым салынып келген мұсылман діни қауымдастығы заңды түрде тіркеліп, мекен-жайы Самарқан көшесі, 45-ші үй болып белгіленді. 1947 жылы облыста 3446 адам дін жолын ұстанған, оның ішінде Никольской (христиандар) қауымында 646 адам, мұсылмандар қауымында 2810 адам болған. Қалада 1000 адам дін жолын ұстанған. Мәлімет бойынша облыстың барлық аумағында халықтың жасы келген дін жолын ұстанған өкілдері үйлерінде күнделікті намаздарын оқитындығын, «Ораза айт», «Құрбан айт» күндері ашық аспан астында жиналып намаз оқитындықтары назарға берілген.

Жалғасы 4–бетте

ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ — 5–бет

КӨЗ — 6–бет

ДІР ЕТТІ КЕУДЕ ТҰСЫМ... — 7–бет

КІТАПХАНАДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ТУЫНДЫЛАР — 8–бет

СЫНДАРЛЫ 30 ЖЫЛ – ӘДЕБИЕТТЕР КӨРМЕСІ

А.С. Пушкин атындағы кітапханада еліміздің Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған мерекелік әдебиеттер көрмесінің ашылу салтанаты өтті.

Тұсаукесер салтанатты поэтикалық-музыкалық нотадан басталды. "Жігер" домбырашылар ансамблі қонақтарды қасиетті домбыраның күмбірлеген сазды әуенімен қарсы алса, іс-шараны студент Таңат Қасым Ұларбек Нұрғалымұлының "Тәуелсіздік" өлеңімен ашты.

Көрмеде ұсынылған басылымдар отыз жыл ішіндегі Қазақстанның жаңа тарихынан орын алған негізгі, барынша маңызды оқиғаларды ашып көрсетті.

Қаңтарбаев Әлібек Қалиұлы, журналист, публицист, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының Шығыс Қазақстан облыстық филиалының жетекшісі, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Катонқарағай облысының Құрметті азаматы, Өскемен қаласының Құрметті азаматы:

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелей отырып, біз жетістіктерімізді зерделеп, болашақ міндеттерімізді айқындау керектігін атап көрсетеді. Қазақстанның жетістігі – бүкіл халықтың жетістігі, сол себепті бастамалар, білім, әр қазақстандықтың күнделікті еңбегі – біздің жарқын, ортақ болашағымыздың кепілі.

Геннадий Николаевич Пуссеп, Ақын, журналист, кітап шығарушы, Қазақстан Республикасы Журналистер одағының мүшесі, Ресей Жазушылар одағының мүшесі, Шығыс Қазақстан облысы бойынша Қазақстан халқы ассамблеясы Қоғамдық келісім кеңесінің төрағасы:

- Еліміздің жаңа тарихына - 30 жыл. Әлем ауқымында- бұл өте қысқа уақыт. Бірақ қаншама істер атқарылды, қанша шыңдар бағындырылды! Кітап көрмесінде ұсынылған басылымдар тәуелсіз Қазақстанның маңызды оқиғалары мен жетістіктерін толық көрсетеді деп санаймын.

Кітап көрмесінде ұсынылған басылымдар арқылы тәуелсіз жас мемлекеттің алғашқы нық қадамдары, еліміздің аяғынан нық тұрып, әлеуметтік тұтастық – Қазақстан Халқын қалыптастыруға қол жеткізуі, Қазақстан қоғамдық келісім, саяси тұрақтылық және бейбіт сыртқы саясаты арқасында әлемдік аренаның беделді бастамашыл еліне айналғанын білуге болады.

Көрмеде бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену, ашық ғарышқа шығу, ғылым, мәдениет, спортта қол жеткізген жетістіктер тәрізді мемлекет пен қоғамның тұрақтылығы мен зор әлеуетін қамтамасыз еткен экономикалық модернизация мен әлеуметтік саясаттың серпілісті бастамаларының нәтижесін айшықтайтын фактографиялық, статистикалық материалдар ұсынылған.Сондай-ақ, «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасының, соның ішінде біздің облыстағы археологиялық қазбалардың нәтижелері бойынша ғылыми жұмыстардың нәтижелерін ашатын кітаптар ұсынылған.

Көрме жыл көлемінде жұмыс істейді. Біз барлық тілек білдірушілерді көрмемен танысуға, бейнешолуларға және қажетті материалдардың көшірмелерін электрондық жеткізуге тапсырыс беруге шақырамыз. Слайд-презентация, көрменің ашылуынан бейне және жеке материалдардың электрондық нұсқалары кітапхана сайтында көрсетілген.

Рақия УАЛХАНОВА,
А.С. Пушкин атындағы
кітапхананың толықтыру бөлімінің жетекшісі,
Қазақстанның құрметті кітапханашысы.
Шығыс Қазақстан облысы,
Өскемен қаласы

«КОНТРФАКТІЛІ ӨНІМНІҢ ЗИЯНЫ»

Қазіргі біз өмір сүріп отырған қоғамда контрафактілік өнімдермен зияткерлік меншікті заңсыз пайдалану фактісі кәсіпкерлікті дамытуға кері әсерін тигізіп отыр. Қазіргі кезде контрафактілік өнімдер көптеген сауда нүктелерінде сатылуда.

Қазақстанның тұтыну нарығында, сондай-ақ жалпы әлем бойынша контрафактілік өнім көлемі ұлғаюда. Адамдардың көпшілігі контрафактілі өнімнің тигізетін залалын сезінбейтіндіктен, сапасыз тауарларды өндірушілердің құрбанына айналып жатыр. Контрафактілі өнім түпнұсқа ретінде қымбат бағада сатылуы мүмкін және керісінше, сатып алушы үнемдеу мақсатында әдейі арзан, жасанды затты сатып алуы мүмкін. Еліміздің тұтыну нарығында сапасы төмен, ал кейде қауіпті өнімнің пайда болуы ұлт денсаулығына залал келтіре отырып, тұтынушылардың өміріне қауіп төндіреді және мемлекеттің экономикасына, ел беделіне елеулі нұқсан келтіреді.

Тауар таңбасын пайдаланып, сапасыз өнімдерді өндіру төмендегідей жағдайларға әкеп соқтыруы мүмкін:

Біріншіден, заңсыз өнім құқық иегерлері болып табылатын компаниялардың аттарына кір келтіріп, абыройын түсіреді.

Екіншіден, адамның денсаулығына, өміріне зиян немесе қауіп төндіруі мүмкін.

Үшіншіден, контрафактілік өнімдерді пайдаланушы адамдардың наразылықтарын тудыра отырып, оларға моральдық зиян келтіреді.

Осы сәтте Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен біздің елімізде контрафактілік өнімдерді пайдалану және тарату үшін жауапкершілік қарастырылған, – 198 - бап «Авторлық және сабақтас құқықтарды бұзу», 222 - бап «Тауар белгісін заңсыз пайдалану», сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексімен әкімшілік жауапкершілік қарастырылған – 158 – бап «Бөтен тауар белгісін, қызмет көрсету белгісін, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауды заңсыз пайдалану».

Жоғарыда айтылған заңдар бойынша жауапкершілікке тарту үшін тек дәлелді себептерді ғана қажет етпей, соған қоса мүліктік құқықтар иесіне келтірілген құжатты түрде дәлелденген шығын фактісін анықтау қажет. Ал контрафакт бүгінгі күні өзекті мәселе болып отыр. Контрафактілік өнімдердің Қазақстан аумағында жасалуы ғана емес, олар шетелдерден де заңсыз кіруі мүмкін.

Қорытындылай келе, әр тұтынушы өзіне қажетті заттарды аларда оның сапасына, бағасына және аталған тауардың құжаттарының бар немесе жоқтығына аса назар аударғаны жөн.

Еркебұлан ЖЕТПІСБАЕВ,
Алматы қаласы, Әділет департаментінің
Зияткерлік меншік құқықтары бөлімінің
бас маманы

ЖАНЫ ЖАЙСАҢ ЖАНДАР ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК

Ақжарқын апайларымыз туралы естелік жазуды өзіме бір парыз санадым. Күнделікті өмірде кімнің кім екенін ескере бермейміз, "қолда бар алтынның қадірі жоқ" деп елеп-ескеруге де көңіл бөлмедік. Астыңа тақ берсе де, бітпейтін байлық берсе де қарапайымдылықты ұмытпа демей ме атам қазақ. Жақсыға қашанда өзіндік орын табылар дей отырып, жақсылықтың жаршысы бола білген жандар өз қылығымен оның ішінде жақсылығы, парасаттылығы,қарапайымдылығымен мәңгі есте қалады. Сондай жандарды жақсы білетін, қасында жүрген білетін біз жазбасақ басқа кім жазады? деген ой келді. Жаны жайсаң жандар ол: **Гүлжиян Сүлейменова Мағданқызы мен Мақпал Нұрғалиева Сқабайқызы, Әсия Манкеева Медрасылқызы.** Ақжарқын дейтінім өмірден өткенше адами қасиеттерін жоғалтпаған, менмендікдіктен бойын аулақ ұстаған, ашуға берілсе де "шай орамал кепкенше"-деп кек сақтамай ашуы тез тарқап кететін жайдарлы жандар еді. Енді жеке-жеке тоқталсам. Екеуі С.Сейфуллин атындағы Алматы облыстық әмбебап кітапханасына басшылық етсе, Ә.Манкеева кітапханашы боп бар ғұмырын кітапхана саласына арнады. Басқа салалардан ерекшелігі кітапхана қызметкерлері қарапайым да кішіпейіл, өте биязы, ғимаратқа кірген оқырманды жылы жүзбен қарсы алып, кеткенінше қызмет көрсетуден жалықпайды. Бағдарламалар мен тың жобаларды жүзеге асыруда жастар арасында кеңінен насихаттап, түрлі мәдени іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуде аса жігерлік, құлшыныспен қызмет көрсетіп, бір сөзбен айтқанда үнемі шығармашылық ізденісте жүріп қызмет жасайды. Атқарған ісінің сапалы болуына бар жандарымен кірісіп, адал еңбегімен қалтқысыз қызметінің арқасында әріптестеріміздің әрқашан абыройлары артып, биік белестерден көрінді. Солардың қатарынан

Гүлжиян Сүлейменова өткізген жылдарым өте қызыққа толы жыл болды. Ол кісінің жүрген жүрісі, тұрысы ер адам секілді. Бірақ әңгіме айтқаны тура шежіреге батырып алғандай оқып-білгені көп еді. Мен өзім әңгімесін тыңдай бергім келетін. Себебі жастай қызметке араласып, ерте есейгендіктен болар деп ойладым.

1999-2003 жылдары аралығында директорлық қызметте тағайындалып, кітапханалық кәсіби маман болмаса да кітапхана ісінің дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сол жылдары "Қазақстан-2030" стратегиясы, "Мың бала", "Уыз", "Атакәсіп" т.б. бағдарламаларды насихаттауда облыс кітапханаларымен тығыз байланыста болып, өз тәжірибесімен бөлісетін. Сырт көзге сондай қатал-қатыгез көрінгенмен жүрегі жұмсақ көбіне әзіл-қалжыңмен өз ортасын күлдіріп отыратын марқұм. Денесіне қарап бір мамыражай ештеңеге бас қатыра бермейтін азаматша көрінгенмен жылдамдығында шек жоқ. Өте шапшаң қимылдап, нәтижелі сапалы іс тындыратын. Мен өзім 1995 жылы институтты бітірген жас кезім еді. Анаумынауды ойламайсың алып-ұшып тұрған кезің. Жас болғандықтан бәріне жауаптысың ғой, сонда дұрыс болмай қалса, айқайлап аттандамай күлдіре отырып, жетеңе жеткізетін. Ойлайсың одан да ұрғаны дұрыс па еді деп. Мені атымен атамайды "Әй Шеген" дейтін. Алғаш "Үздік кітапханашы" облыстық байқауын өткізді. Сонда үздік атанған жеңімпаздың иығына лентаны таға алмай тұрсам "не болды Шеген қолың дірілдеп, өзің жүлделі болғандай толқып, болмаймысың" деп кемшілік болса болғаны, бір мен екімен оқитын бұзық оқушы болмаса, хордың жеке дауыстағы әнші секілді алдыңғы шепте тұратынмын. "Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады" деп бар сөзді мен еститінмін. Өкінішке орай мен ол күндеріме өкінбеймін. "Сын түзелмей, мін түзелмейді" деп жарықтық сондай адамның ақпейілділігін, сабырлылығын көріп, өміріме тәжірибелік сабақ болып қалыптасты. Шешімі мен түйіні қиын істердің басы-қасында болып, қажырлы еңбегі мен ұлтжандылығының арқасында Алматы облысында танымал қайраткер, жетісу энциклопедиясында ойып орын алар жандардың бірі дер едім. "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің" дегендей көпшілдігі қандай да отырыс болмасын дастарханға бар пейілі мен ниетін арнайтын. Төсін ұрып, не қылсаңдар да деп басы ауырмайтын, жаны ашымайтындар қатарынан емес, басшымын " дайын асқа тік қасық"деп келсе де болар еді, керісінше "Ұлық болсаң кішік бол" дегендей ар-ұяты жібермейтін намысшыл басшымыз біздің жалақымыз аз дей ме екен?, әйтеуір дастарханды өзі көтеріп алатын да, асты дайындауды Манкеева Әсия апайға тапсыратын.

Әсия Манкеева апай сондай күлімдеп тұратын, ол кісінің қасында түйілген қабағың ашылып, еріксіз күлуіңе тура келеді. Жан-жағына күннің жылы шуағындай мейірімділік пен ізгіліктің нұрын шашып тұратын, тура жаңа туылған періштедей, балаша жүгіріп аңғалдығы басым адал болатын. Сондықтан да болар Гүлжиян Мағданқызы ол кісіні қатты құрметтеп сыйлайтын. Ешқашан жоқ дегенді айтпайтын, бәріне кешіріммен қарайтын. Бір сөзбен айтқанда жаны мен тәні сұлу, қазақтың салт-дәстүрін сақтаған қарапайым жан. Жолдасына адал жар бола білген, балаларының бойына бар әдептілікті сіңдіріп, тура жолдан таймауға үйретті. Кітапханадағы бойжеткендерге айтатыны "Таңдаған тазға жолығады" деп өмірдің бәрі кітаптағыдай болмайды, ол өзіңе байланысты. Бастысы "Жарыңды бағалай біліңдер, ердің басы әрқашан төрде болу керек"- дейтін жарықтық. Анамыздай ақылын айтып, аялы алақанымен басымыздан сипайтын. Ал басшымыз жаңадан келгенде өтірік айтпасам екі-үш айлық жалақысын алмады. Біздің жалақымыз ол кезде өте аз болса да біз үшін құны бар. Ал Гүлзиян Мағданқызы ылғи жоғары қызметтерде болғандықтан болар өз жалақысын азсынды ма? әлде өз қоры болды ма? бас есепшіге басқа біреуге бере сал деген бұйрық берді. Содан екі-үш ай өткеннен кейін қашанғы бере берсін, өзіне де ақша керек боп көзі үйренді ме алатын болды. "Жақсымен өткен бір күнің, жаманның өтіп кеткен ғұмырындай"-деп сондай алтындай асыл апайларымызды мадақтауды жеткізе алдым ба? деген сауал тұрады.

2007-2017 жылдары өзі маман, өзі шапшаң, өзінен ойы ұшқыр **Мақпал Сқабайқызы** басшылық етті. Кітапханада түрлі жобалармен бағдарламалар аясында жоғары деңгейде өткен әрбір шараға марқайып, қызметкерлерді мадақтап отыратын. Бір шайпу мінезімен қырып алады да бес минуттан кейін түк болмағандай күндей күліп шыға келетін. Күнделікті "жаным, күнім сен жақсысың ғой" деп көкелеп, жақсысын асырып, атқарған еңбегіне орай бағалап бағасын беретін. Тайбурылдың шабысындай ұшып жүріп, судың ағысындай ағып өмірден осылай ерте кететінін өзі де сезбей қалғандай. Шіркін-ай Өмірге деген құлшынысы керемет-ақ еді. Қу тіршілікпен жүріп денсаулығына да мән бермепті ғой. Көп балалы отбасынан шыққандықтан болар өте бауырмашыл. "Біреу таққа отырса, қырық адам атқа отырады" дей ме өз отбасына ғана емес Гүлжиян Мағданқызы екеуі туғандарына да бар жақсылықтарын жасап, қол ұшын созып жан-жақты қамқор бола білді. Жақсыға жақын, жалпыға берген көмегін есептемейтін бойында тектіден шыққан қасиеттен болар, яғни

"Тектіден текті туады,
Тектілік тұқым қуады.
Тектілердің тұяғы, – деп бағалар едім. Көп жылғы бейнет еткен еңбегінің жемісін көру – ол да бір ғанибет екен ғой. Гүлжиян Мағданқызы, Әсия Медрасылқызы зейнеткерлікке шықса да тыным таппай жұмыс жасауды тоқтатпады. Өкініштісі Мақпал Сқабайқызы зейнеткерлікке шығып, қызығын көре бастаған шақта арамыздан ерте кетті. Ендеше мақаламды қорытындылай отырып, артына осындай үлгі боларлық із қалдырған асыл апайларымның жатқан жері жайлы болсын, әріптестеріңнің есінде мәңгі қалады деген ниетпен Жетісулық ақын Жұматай Әміреевтың мына бір өлең жолдарымен аяқтағым келеді:

Жақсы көрем сондықтан мен сендерді,
Мен де бір сәт көтеріп еңсемді енді.
Сендер салған адамдық, ардың жолын,
Болашаққа көрсетіп берсем болды.

Гүлнар ШЕГЕНОВА,
С.Сейфуллин атындағы
*әмбебап кітапханасының әдіскер*і.
Алматы облысы,
Талдықорған қаласы

12-сәуір – Халықаралық авиация және ғарышкерлер күні

ҚАЗАҚ ПЕН ҒАРЫШ

Орбитада ғарышкерлердің өсуі орта есеппен 4-5 сантиметрге дейін артады, өйткені жер үсті ауырлық күшіне көп әсер етпейді. Сондықтан омыртқа түзетіледі.

Көптеген тағам өнімдерін ғарышкерлер тек түтіктерден сұйық түрінде қолданады.

Орбитаға көп уақыт жұмсаған ғарышкер – **Валерий Поляков.** Оның жазбасы 438 күнде әлі күнге дейін ұрланған жоқ.

Ғарышта ұзақ уақыт бойы үздіксіз болу – 14 ай. Бұл жазба сондай-ақ «Мир» орбиталық орбиталық станциясына барған Поляковқа да тиесілі.

Көптеген ғарышкерлер алдымен ауыр салмақтылық жағдайынан туындаған «ғарыштық аурудан» зардап шегеді. Бұл, ең алдымен жүрек айнуы кезінде көрінеді.

Айға барған «Аполлон-11» ғарышкерлері оларды қайтару кезінде кедендік бақылаудан өтті. Кедендік декларацияда олар: «Жүк – бұл ай мен тастар» деп жазды.

Халықаралық ғарыш станциясындағы астронавтар оянып, Жердегі Ұшуды басқару орталығынан жіберілген сигналда тұрып жатыр Халықаралық ғарыш станциясы туралы қызықты деректерді қараңыз.

Ғарышкерлер ғарышта қорылдамайды.

Жерге қайта оралғаннан кейін, көптеген ғарышкерлер ыңғайсыз күй кешеді.

Тістерді тазарту кезінде ғарышкерлер тіс пастасының көбігін жұтуға мәжбүр болады, сондықтан олардың арнайы жеуге жарайтын пастасы бар.

«Ғарыш» - бұл адамзат баласының ең басты игерген жаңалығы. Бүгінде әлем халықтарының өмірін ғарышсыз елестету мүмкін емес. Сөзіме дәлел, қазіргі елдегі карантиндік-шектеу уақытында өміріміздің бір бөлшегіне айналып үлгерген мобильді телефондар, күнделікті тұрмыста пайдаланатын заттар, цифрлық ақпараттар тарату, байланыс операторлары мен ауа-райын болжау секілді басқа да салалардың барлығы дерлік ғарыштан бақылауға алынатыны белгілі. Осылай ғарышты игерудің пайдасы өмірдің барлық саласына үлкен өзгерістер мен жаңалықтар енгізіп, экономиканың дамуына тың серпілістер әкелді.

Кез-келген баладан «Өскенде кім боласың?» деп сұрақ қойсаң, міндетті түрде «Тоқтар, Талғат, Мәди ағалар секілді ғарышкер боламын!»,-деп жауап береді. Демек, ғарышқа ұшу, оның көгінде самғау, аспан әлемімен қауышу кім –кімнің де арманы болса керек-ті. Адам баласының бұл арманын алғаш рет іске асыруға құлшына кіріскен Ю.Гагарин еді. Ол 1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. 1968 жылдан бастап бұл күнді «Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер» күні деп атайды.

Қазақстан үшін 12 сәуір ерекше күн. Себебі, бірінші Жер серігі және бірінші адам да біздің жеріміз Байқоңырдан ғарышқа ұшты. 1955 жылы 12 ақпанда іргетасы қаланған Байқоңырдың ұшу трассасы Арал теңізінен Камчатка түбегіне дейін созылып жатыр. Байқоңыр Қызылорда облысы, Қазалы, Жосалы ауданы, Төретамға жақын орналасқан.

Ал қазақ өз алдына тәуелсіз ел болғалы ғарыш көгіне Тоқтар ӘУБӘКІРОВ, Талғат МҰСАБАЕВ, Айдын АЙЫМБЕТОВ секілді үш батырын аспан көгіне ұшырды. Оқырмандардың кітап оқу арқылы ғарыш әлемі туралы білімдерін кеңейту, осы аталған ұшқыш-батыр ағалардың ерлігін дәріптеу мақсатында Нүрпейіс Байғанин атындағы Ақтөбе облыстық балалар кітапханасы «Ғарыш пен қазақ» тақырыбында ақпаратты-танымдық сағат өткізді.

ZOOM платформасында өткен шараның қонағы Виктор Иванович Пацаев атындағы жас ұшқыштар мектебінің директоры, запастағы полковник Болат Қайпанов Әбілқасымұлы оқырмандарға қиындығы мен қызығы қатар жүретін, өте жауапты ұшқыш мамандығының қыр-сыры жайлы әңгімелеп, ұшқыш жүздеген жолаушының өміріне жауапты сондықтан бұл мамандық иесі болу үшін алдымен

көп оқып, ізденіп, өз-өзіне деген сенімділікті қалыптастырып, сапалы әрі кәсіби білім алып, кәсіби сыннан өтіп, адал еңбекпен қызмет етуге шақырды. Одан әрі оқырмандар Ақтөбе облыстық планетарийінің әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Қомытова Іңкәр Төребекқызымен аспан әлеміне онлайн экскурсия жасап, аспан денелері, ғарышты алғаш игерушілер, зерттеу жұмысына арналған зымырандар, жұлдыздардың бағытын анықтайтын телескоптар туралы және т.б. пайдалы әрі қызықты мәліметтерімен бөлісті.

«Ғарыш-сиқырлы, сырлы әлем» кітап көрмесіне балаларға аталмыш тақырыпты қамтитын әдебиеттер мен олардың жан-жақты кемелденіп, білімінің тереңдей түсуіне көмектесетін танымдық энциклопедиялар қойылды. Мәселен, мектеп жасындағы балалар үшін «Кел, танысайық, бұл...» сериясымен жарыққа шыққан «Жұлдыздар және ғаламшарлар»,«Жер және Ғарыш»,«Ғарыш» кітаптары оқырмандардың өз ой-өрісін кеңейтіп қана қоймай, «Ғарыш қалай пайда болды?», «Ғарышта нелер бар?», «Ғарышты зерттеу жұмыстарының нәтижесі қандай болды?» деген сұрақтарға жауап беріп, қоршаған әлем туралы да көп және қызықты деректер береді. Балалар жазушысы Жүсіпбек Қорғасбектегінің «Ғарышкер» кітапшасынан Тоқтар Әубәкіровтың арман қуып, ауыл мен қала арасында өткен жылдары, қайтпайтын қайсарлығының арқасында тәуекелге бас тігіп, бүкіл ғұмырын ұшқыш болуға арнап содан қазақтың тұңғыш ғарышкері атануы айтылса, Бейбіт Қойшыбаевтың «Ғарышқа жаяу саяхат» хикаясында бірінші сынып оқушысы Гүл-Жауһардың ғарыштағы қаладағы шытырман оқиғалары баяндалады.

«Мен ғарышкер боламын!» әдеби монтажында Ақтөбе қаласындағы №4, 52, 62 және Благодар орта мектептерінің оқушылары Ертай Ашықбаевтың «Ғарышкер», Баянғали Әлімжановтың «Ғарыш қазағы», Абрахман Асылбектің «Жұлдыз» өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Қымбатты оқырман! «Армансыз адам, қанатсыз құспен тең», – демекші арман адам баласын талпынысқа, биік мақсаттарға жетелейді. Ол үшін төзімділік танытып, көп оқып, білімді болайық. Білімдінің жолы ашық екенін ұмытпайық!

Әсем ЖҰМАҒАЛИЕВА,
Н.Байғанин атындағы облыстық балалар кітапханасының мектепке дейінгі және төменгі сынып оқушыларына қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы.
Ақтөбе қаласы

МҰСЫЛМАН МЕРЕКЕЛЕРІ АРХИВ ДЕРЕКТЕРІНДЕ

Облыста есепке алынған 3 молда болған, олар қалада Құспан Нұрмұқашев, Доссор да Ғабдеш Қарғанбаев, Жылыой ауданында Қарабала Бисембаев. Олар жергілікті жерге мүлдем салық төлемеген және діни жоралғыларды атқару кезінде ақы алмаған. Ал 1949 жылғы 29 наурыздағы берілген есеп бойынша 1947 жылы Қарабала Бисембаевтың ұйымдастыруымен Жылыой ауданында діни қауымдастық ашу жөніндегі өтініші кеңес органдары тарапынан кейін қайтарылып, құжаттарын қайтадан жасақтауға берген. Молда Қ.Бисембаев еңбекақы табу үшін жұмысқа кеткен болса, доссорлық молда Ғ.Қарғанбаевта дін жолындағы қызметін тоқтатқан және қайда кеткені белгісіз делінеді.

Бір қызығы өкімет тарапынан дінге қанша қысым көрсетілсе де, бұқара халық діни жоралғыларға қатысуда белсенділік танытқаны мәлімдемеде ерекше атап өтілген. «Ораза айт», «Құрбан айт» уақытында өткізілетін діни мерекелік намаздарға жұртшылық көп қатынасқан. Мысалы 1948 жылдың 14 қазан күні қалада өткен «Құрбан айт» намазына 1500 адам қатынасқан. Оның 70-ке жуығы әйел адамдар болған. Өткізілген шараға қатысушылардың жас шамаларына тоқталатын болсақ, 50-ден жоғары азаматтар қатынасқан. Бұл мереке күні қалада 400 қой, 50-70 мүйізді ірі қара малы құрбандыққа шалынған. Ауылдық жерлерде де құрбандық шалынған, оның есебі белгісіз болғанымен, жоғарыға берілген мәліметтен аңғаратынымыз 1947 жылға қарағанда аталған жылы құрбандыққа көп мал шалынған. Мұсылман дін басқармасы тарапынан бұл күні құрбан шалуды азайту және ол міндетті еместігі туралы мәлімдемесі болғанымен, қала халқы тарапынан құрбандық шалу кең көлемде жүзеге асқан. Бұл жағдай үкімет органдары тарапанынан құрбан шалу барысында қоғамдық мал басының кеміп кетуіне соқтыратындығы туралы, үгіт-насихат жұмыстарының дұрыс жүргізілмей отырғандығымен түсіндірілді. Сонымен бірге жергілікті жерлердегі діни ахуалдың хал-жағдайын білу жөнінде іс-сапарларға шығу үшін қаражаттың жоқ екендігі тілге тиек етілді. Мұсылман дінінің жоралғылары мен мерекелері ауылдық жерге қарағанда қала халқы арасында кең таралған. Оның мысалы «Ораза айт», «Құрбан айт» мерекесі күндері көптеген колхозшылар жұмыста болған және жұмыс орындарын тастап кетпеген, ауылдық жерлерде бұл мерекелерді тойлау іс-шаралары байқалмаған.

1949 жылы үкімет тарапынан рұқсат алған діни қауым өкілдері халық арасында өз жұмысын жүргізе бастады. Қаладағы мешітке жәй күндері 10-15 адам намазға келсе, жұма намазына 60-70 қарт адамдар қатынасқан. Облыстық діни істер басқармасы мәліметі бойынша бұл жылы дінге бет бұрған мыңнан астам адам есепте тұрған.

«Ораза айт» мейрамын облыс жұртшылығы 1950 жылдың 16 шілдесі күні тойлаған. «Ораза айт» намазы қала сыртында оқылып, оған 250-300 адам қатынасқан. Қаладағы мұсылман мешітіндегі тіркеуден шығарылғаннан кейін молда Құспан Нұрмұқашевқа мұсылман жамағаттың күнделікті намаз, «жұма», «тарауық» намаздарын оқуға, «Ораза айт», «Құрбан айт» намаздарын оқуға шақыруға болмайтындығы ескертілген. Дегенмен де ол «жұма намазын», «тарауық намазын» оқуға шақырмаса да, «Ораза айт» күні «Айт намазын» оқуға бәрінен ерте келіп, оны ұйымдастырған. Кейін тиісті органдар Құспан молданы шақыртып, түсінік алған. Ол берген жауабында Гурьев мұсылмандар қауымының бұрынғы молдасы екендігін, мұсылман жамағаты «айт намазын» оқуға шақырған соң, бас тарталмағандығын, бұл жұмысы үшін оған ешкім ештеңе бермегендігін көлденең тартады. Бұл жылы «Ораза айт» мейрамы демалыс күніне орай келуіне байланысты өнеркәсіп орындары мен мекемелердегі жұмысшылар мен қызметкерлердің қатысқаны, діни сенім жолындағы адамдарды басшылардың жұмыстан босатуы туралы мәліметтер жоқ екендігін берілген хабарламада баса көрсетіледі. Ораза айы бойы жұмыста жоқ қарт адамдар намаздарын оқып, ораза тұтқан. Ауылдық жерлерде де осындай жағдай байқалған. Сол жылдардағы тағы бір байқалған ерекшелік Чечен-Ингуш АКСР-і мен Қырым АКСР-інен өлкемізге жер аударылып келген чечендер мен татарларда ораза ұстаған. «Ораза айт» күні олар бірінің үйіне бірі барып, мерекемен бір-бірін құттықтаған. Пітір садақа мөлшері адам басына 2-3 және 5 сом болып белгіленген екен.

Ал «Құрбан айт» намазы қалада 22 қыркүйек күні атап өтілді. Оған 700-800 адам қатынасып, оның 100 жуығы әйелдер болды. Ашық аспан астында «Құрбан айт» намазын өз кезегінде Құспан молда Нұрмұқашев оқыды. Бұл жолы да қырағы органдар молданы түсініктеме алуға тағы шақырған. «Салпаңқұлақтардың» мәліметтері бойынша Құспан молда діни мерекелер қарсаңында қаладағы және қала маңындағы ауылдардағы дінге сенетін адамдар арасында үгіт-насихаттар жүргізіп, үкімет өз тарапынан «Айт» намаздарын оқуға кедергі келтірмейді, діни мереке күні жамағат болып намаз оқу кезінде жиылған жұртшылықты қуып тарату шаралары жүргізілмейтіндігі туралы, ислам дінінің догмаларын насихаттады, Құспан молда садақадан 3-4 мың сом көлемінде қаражат жинаған т.б. деген хабарлар келіп түскен. Осыған орай Қ.Нұрмұқашовқа қарсы қатаң шаралар алу қажеттігі назарға беріледі. Үкімет орындары

қалада құрбандыққа шалынған малдардың көп болуы, Құспан молданың жүргізген насихатының нәтижесі деп бағалайды.

Ал 1951 жылы 11 қыркүйек күні қаладан үш шақырым жерде «Құрбан айт» мейрамы атап өтілген. Оған қаладан және қала маңындағы ауылдардан мыңдаған адам қатынасып, оның 152-сі әйел адам болған. Намаз таңғы сағат 5-те басталып, 7 сағат 30 минутта аяқталған. Намазды оқыған, бұрын есепке тіркелмеген, 1937 жылдан қалада тұратын молда Ахмет Қалимоллаұлы Ишмаков болатын. Ол 1880 жылы туған, ұлты татар, қаладағы ауруханада қоймашы болып жұмыс істеген. Қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесінің мәліметінше намазға қатысушылар молда А.Ишмаковқа садақа ретінде 8-9 мың сом қаражат жинап берген. Алдын ала мәлімет бойынша бұл күні құрбандыққа 100 қой, 20-30 сиыр малы шалынған. 25 қыркүйек күні А.Ишмаковпен әңгімелесу өткізілген. Әңгіме барысында ол өзінің дінге сенетіндігін, бірақ молда емес екендігін, құранды өзі оқып, үйренгендігін айтады. «Құрбан айт» мерекесінде оған құран оқуға кім рұқсат бергендігі жөніндегі сұраққа, төмендегіше жауап берген. Намазға жиналған жамағат молда Қуатбай Бөбекбаевқа сенімсіздік білдірді, ал молда Құспан Нұрмұқашев болмады, сондықтан да маған өтініш білдірген соң оқуға тура келді деп ақталады. Әңгімелесу барысында А.Ишмаков бұдан былайғы жерде әр түрлі діни жоралғыларды өткізбеуге және өзін «қаңғыбас молда» ретінде есепке алмауын сұрағанымен, оны тіркеуге алып, облыстық қаржы басқармасы мен қалалық еңбекшілер депутаттары кеңесіне одан салық ұстауға тапсырма берілген.

Үкімет органдары жергілікті дін өкілдері Құспан Нұрмұқашов, Ахмет Ишмаков, Қуатбай Бөбекбаевқа «қаңғыбас молдалар» деген айдар тақты. Құспан Нұрмұқашов, Ахмет Ишмаков еш жерде жұмыс жасамайды, 1-3 басқа дейін мал ұстайды, діни жоралғылар арқылы, капиталистік сарқыншақ тоғышарлық, масылдық жолмен ақша тауып жүрген арамтамақтар, жатып ішерлер деп айыптады. Дегенмен де дін жолында жүрген жоғары да аталған молдалар адамдардың рухани-интеллектуалдық өсуіне, адам нәпсісін тиып, рухани өсуге, өз бойындағы жаман әдеттерден арылып, көркем мінезін тәрбиелеп қалыптастыруға, тақуалыққа жетіп, Құдайға жақындай түсуіне ықпал етті.

«ГАГАРИН ОҚУЛАРЫ»

Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы РФ, Саратов облыстық зағиптарға арналған кітапханасы ұйымдастырған «Гагаринские чтения» атты online-конференциясына қатысты.

Мақсаты – мәдени диалогты және халықтар арасындағы өзара түсіністікті нығайту. Алғаш адамзаттың ғарышқа ұшқаны туралы еске алып, зағип жандарға арналған арнайы ақпарат құралдарында сақталған ғарыш туралы әдебиеттерді насихаттау.

Адамның ғарышқа алғашқы ұшуының 60 жылдығына арналған шараны Ресей Федарациясы, Саратов облыстық зағиптарға арналған кітапханасының директоры Ольга Ивановна Новикова құттықтау сөзімен ашты. Online-конференциясына Саратов, Кемерово қалаларынан, Саратов аудандық елді мекенаралық орталық кітапханалары,



Қазақстан Республикасынан Актөбе, Орал қалаларынан әріптестер қатысты. Арнаулы кітапхана қызметкері Рысжан Карагулова тақырыптық слайд ұсынып, «Я гляжу тебе вслед из степей Казахстана» атты баяндама жасады. Өз баяндамасында: «Гагарин оқуларына» қатыспау мүмкін емес еді.Себебі,Қазақстанның ғарышқа деген тікелей қатысы бар. Дәл 60 жыл бұрын 1961 жылы әлемдегі алғашқы ғарышкер Юрий Гагарин ғарышқа «Восток-1» ғарыш кемесімен Байқоңыр ғарыш айлағынан қазақ жерінен ұшты»,- дей келе Байқоңыр туралы мәлімет беріп, «... тұңғыш ғарышкердің құрметіне Қазақстанда мәңгілік ескерткіштер орнатылған.Алматы, Нұр-Сұлтан, Өскемен, Павлодар, Қостанай, Қарағанды қалаларында көшелер мен даңғылдар аталды. Өскеменде бульвар, Павлодар қаласында Юрий Гагарин атындағы саябақ бар.1984 жылы 12 сәуірде Байқоңырда ескерткіш пен бюст орнатылды. Сонымен қатар, Юрий Гагаринге арналып2011 жылы Қарағанды қаласында, 2018 жылы Алматыда ескерткіштер



орнатылды. Адамның ғарышқа алғашқы ұшуының 50 жылдығына орай 2011 жылы мерейтойлық күміс монета шығарылды.

Қазақстан, Ресей және басқа да елдер Байқоңырдан шамамен 150 ғарышкерлер ұшты. Қазіргі Қазақстан үшін ғарыш қызметі енді ұлттық мақтаныштың объектісі ғана емес, ұлттық дамудың ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзаттық дамудың объектісі болып табылады. Бүгінгі таңда,«Қазақстанның ғарыш жұлдыздары» деп үш адамды атауға болады. Олар, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстан Республикасының Халық қаһарманы Тоқтар ӘУБӘКІРОВ, қазақтың 2-ші, ал әлемнің 309-шы ғарышкері, авиация генерал-лейтенанты, ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің Аэроғарыш комитеті төрағасы Талғат МҰСАБАЕВ, Қазақстан ғарышкері, Халық қаһарманы Айдын АЙЫМБЕТОВ.

Әлемнің барлық жеріндегі ақындар мен жазушылар Юрий Гагаринге көптеген арнаулар жазды. Соның ішінде қазақстандықтар. Белгілі қазақстандық жазушы, ақын, аудармашы Александр Лемберг «Свидание в Байконуре» өлеңдер жинағын Байқоңырға, «Обнявший землю» и «Возвращение» поэмаларын Юрий Гагаринге арнаса, ақын, Қазақстанның халық жазушысы, дипломат Олжас Сүлейменов 1961 жылы 12 сәуір күні «Земля, поклонись Человеку!» поэмасын арнады», - деді.

Арнаулы кітапхананың қызметкері Мақсат Төлегенов: «Юрий Гагарин біз үшін мәңгі бірінші болып қалады. Оның жарқын бейнесі біздің жүрегімізде сақталады», – деп, Олжас Сүлейменовтың «Земля, поклонись Человеку!» поэмасынан үзінді оқып берді.

Халықаралық дәрежеде өткен мазмұнды шарада қызметттік тәжірибе алмасумен қатар әріптестік байланысты нығайту сөз болды.

Рысжан КАРАГУЛОВА,
Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының библиографы.

БҮГІНГІ ЕҢБЕК АДАМЫ

Ақтөбе облысы, Шалқар аудандық орталық кітапхананың жанынан құрылған «Парасат жолы» орталығында «Еңбек елдің мұраты» жобасы аясында Қазақстан Журналистер одағының мүшесі,жазушы, Шалқар өңіріне шығармаларымен танымал болған қарт журналист Сембай КАРИН.

Мұханбетжанұлымен «Бүгінгі еңбек адамы дегеніміз кім?» атты кездесу кеші өтті. Іс-шара қажырлы еңбектің арқасында табысқа жеткен адамдардың тәжірибесін, еңбекқорлық құндылықтарды, ұдайы өзін-өзі жетілдіру идеясын жаю арқылы еңбекке сүйіспеншілікті насихаттауға арналды. Шығармашылық қызметі барысында Сембай Карин 8 кітаптың авторы болды. Оның өлеңдері мен шығармалары әдебиет қауымға жақсы таныс. Кеш барысында автор өз өмір жолы туралы сұхбат беріп, шығармаларының тарихына тоқталды. «Таңдаулым» повесінің қалай құрылғандығы туралы әңгімелеп «Басыңа ие бол» атты кітабындағы «Машинисі жоқ поезд» атты әңгімесін баяндай келе , шойын жолдағы еңбек адамдарының өмірі туралы айтып берді. Кеш барысында қарт журналист қонақ кәде ретінде өзінің жақсы бір өлеңін оқып берді. Қаламы шыңдалған қарт журналист, творчествалық ізденіс үстінде балалар әдебиетіне арнап жазылған әңгімелерін жинақтап кітап шығаруды қолға алуда. Іс-шара соңында қонағымыз Сембай Карин кейінгі ұрпаққа ақыл кеңесін айтып, бата беріп кешімізді аяқтады. Қай кезде де адамды адам ететін адал еңбектің құндылығы жоғалмайды.

Абырой бастауы болған адал еңбектің нәтижесінде ел мақтанына айналған азамат өз өнегесі мен өмір жолы арқылы көпке үлгі. Бар білімі мен білігін ауданымыздың алға басуы жолында сарп еткен сала маманының атсалысуымен жүзеге асқан жарқын істер ел игілігінің кәдесіне асуда. Асқақ абыройға кенеліп, бедел биігінен көріну бақыты деген осы болса керек…

Айнұр ӨТЕПОВА.
Ақтөбе облысы, Шалқар аудандық орталық кітапхана қызметкері

ҰЛЫ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Абай Құнанбаев - қазақ халқының ұлы ақыны, философ-гуманист, композитор, көркем сөздің зергерлік шебері. Ол 1845 жылы 10 тамызда Семей облысы Шыңғыстау тауының баурайында, Қасқабұлақ бұлағына жақын жерде дүниеге келген. Бастапқыда Ақынға Ибрахим есімі берілді. Ақынның бұл есіммен аталуы оның әкесі Құнанбайдың пайғамбарлық арманы болған деп айтылады. Зеренің әжесі сүйікті немересін Абай деп атады, бұл «сақ, сақ, сүйкімді» дегенді білдіреді. Содан бері айналасындағылар да балаға жүгіне бастады, бірақ шын мәнінде оны ешкім нақты атау деп атаған жоқ. Абай асыл және бай билер мен ақсүйектер отбасынан шыққан. Абайдың арғы атасы Ырғызбай Тобықты руының батыры және биі болған. «Батыр» сөзі адамның жеке батылдығы мен күші ғана емес, жауынгерлік ұрыстарға қатысуын да білдіреді. Ырғызбай жоңғар әскерлерімен болған шайқастарда ерен ерлігі үшін Абылай ханның батасын алған керей тайпасынан шыққан атақты Жәнібек батырдың жиені болған. Ырғызбай шамамен 1750 жылы туған. Оның ұлы Өскембай-Абайдың атасы. Өскембай би болды. Қартайғанда рудың басшысы – атақты Кеңгірбай би Өскембайды басқару ғылымына үйреткен. Абайдың атасы Өскембай 1778-1850 жылдары өмір сүрген. 1804 жылы Абайдың әкесі Құнанбай қажы дүниеге келді.

Абай Құнанбаев – қазақтың ұлы ақыны, философ. XIX ғасырдың II жартысында ақынның философиялық ой-пікірі қалыптасты. Өте терең ойлы, мәні мен мағынасы келіскен, философиялық көзқарасы бөлек, ғұлама ғалым, ақын Абай Құнанбаев атақты әйгілі шығыс классиктері Фердауси, Сағди, Ширази, Низами, Навоилардың шығармаларын жалпы ислам философтарының көзқарастарын меңгеріп ізденген жан.Абайдың дүниетану жолында өткен замандардың кемеңгер философтарының шығармаларын оқып, өз дәуірінің алдыңғы қатарлы ой-пікірлерін қорытып, оларды қазақ өміріндегі аса маңызды мәселелерді түсіндіруге қолданды. Осы кездегі қазақ қауымын толғандырған басты құдірет, жан мен тән, өмір мен өлім туралы болса, солардың барлығына Абай алға басарлық тұрғыдан жауап беруге тырысты. Абай Құнанбаев-қазақ ақыны, ағартушы, қоғам қайраткері, жаңа жазба қазақ әдебиетінің негізін қалаушы, композитор. Ірі феодал Құнанбай Өскенбаевтың отбасында дүниеге келген. Семейдегі медреседе оқыды, бір мезгілде орыс тіліне барды. Мектепте араб, парсы және басқа шығысты зерттеді. Өз өлеңдерінде ақын рулық ақсүйектердің зорлық-зомбылығы мен озбырлығына, парақорлыққа қарсы шықты. Ол надандықты, қазақтарды, феодалдарды қорлайды. Бірақ әлеуметтік зұлымдыққа қарсы болды, ақын экономикалық өзгеріс үшін күрестің қажеттілігін түсінбеді.Ол ағартушылықта, адамның рухани босатылуында жаңа өмірге апаратын жалғыз жолды көрді.

КЕСТЕ 1
АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫ

Бұл (кесте 1) Абай Құнанбаевтың жеке тұлғалық ерекшеліктері айқындалып көрсетіледі.

Абай Құнанбаевтың шығармашылығы жайында айтар болсақ, ол өлең жазуға 10 жасынан бастап келген екен. Ең алғашқы «Кім екен деп келіп ем түйе құған» өлеңін жазады. Одан кейін «Йузи-рәушән», «Физули», «Шәмси», «Сәйхали», «Сап,сап, көңілім», «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа», «Кең жайлау» сияқты өлеңдері 1870-80 жылдар аралығын қамтиды [2, 546].

Ақындық жолын танытқан ең бір шыңы ол «Қансонарда» өлеңі, бұл 1882 жылы жазылды. Алайда, жасы келе көркем әдебиетке шын ықыласымен кірісе отырып, көзқарасы мен өлеңді түсіне жазу, оны әдеби жеткізе білуі шыңдалып көптеген халықтың санасында қалатын өлеңдер шығара бастайды. Жалпы шығармалары үш жүйе бойынша жазылып, өзіндік шығармашылық ерекшелігі қалыптасады.

КЕСТЕ 2
АБАЙ АҚЫННЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҮШ ЖҮЙЕСІ

Бұл (кесте 2) жалпы Абайдың шығармашылық мұрасының жүйелігігіне байланысты болып келеді. Абай поэзиясы көркемдік тәсілдердің қарапайымдылығымен және көркемдігімен ерекшеленеді. 1882-1886 жылдар ол үшін ең жақсы шығармашылық жылдар болды, оның ең жақсы шығармалары жасалды. Ол қазақ халқының негізгі әлеуметтік және мәдени мәселелері туралы жазып, қазақтардың көшпелі тұрмысын, табиғатын сипаттап, надандықпен күресуге шақырады. Өмір бойы ағартушы болып қала отырып, ол: «күніне бір рет, аптасына бір рет немесе айына бір рет өзіңе осы уақыт ішінде өмірде қалай әрекет еткеніңді, жақсылық пен ақылға сәйкес келетін әрекеттерді жасағаныңды біл», - деп шақырды. Абай адамды «ақыл, ғылым, ерік» жоғарылататын қоғамның прогрессивті дамуына ықпал етуге шақырды.

Абай Құнанбаевтың өлеңдері лирикаға бай келеді. Оның әр бір өлеңдерінде табиғат бейнесі, адам портреті, ішкі-сыртқа қылық-қасиеттері, мінез-бітімдері айқын суреттелгені көрінеді. 1890 жылдан 1898 жылға дейін ол прозада өз ойларын жазды. 1933 жылы сөздер кітабы жарық көрді, оған тарих, ағарту және т. б. мәселелер бойынша философиялық ойлары кірді. Оның шәкірттері Шәкәрім, Көкбай, Ақылбай, Кәкітай ақындар болды. Абайдың өлеңдері мен әндері қазақ даласына тарады, жергілікті ақындар, композиторлар, әншілер онымен дос болды. Ол сонымен қатар кеңесші, баяндаушы ретінде әрекет етті және жазушылар одағының бейресми ұйымдастырушысы болды. Абай қазақ қоғамының құрылысына қатысты бірнеше рет айтқан – ол қолөнер мен сауданы дамытудың жақтаушысы болды, оларды көшпелі мал шаруашылығына қарағанда еңбектің прогрессивті нысандары деп санады. Діндар мұсылман бола отырып, оның діндарлары өздерінің ішкі мәнін түсінбестен ресми діни ағымдармен шектелгеніне өкінді. Ол былай деп жазды: «қазақтарды нағыз мұсылман деп атауға болмайды деп ойлаймын». Ол басқа ұлт адамдарына ашық және достық қарым-қатынас орнатуға шақырды. Ол орыс мәдениетімен және ол арқылы әлемдік мәдениетпен жақындасуды жақтады. Ол жамандықтарды жоққа шығарды, оларды түзетуге шақырды, әділеттілікті қалпына келтірді. Абайдың дүниетанымы мен ағартушылық қызметі көпшілікті тітіркендірді. Абайдың айналасына қызуғышылық өріліп, оның шығармашылығының таралуына қарсы әрекет жасалды. Ақын сенетіндердің сатқындықтарына төзе алмады. Соңғы жылдары ол терең жалғыздықты бастан өткерді. 1895 және 1904 жылдары ұлдары мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін, соңғы қайтыс болғаннан кейін 40 күн өткен соң, 23 маусым (6 шілде) 1904 туған ауылында ақынның өзі қайтыс болады. Көзі тірісінде Абайдың бірнеше өлеңі газет беттерінде жарық көрді. Тек 1909 жылы – ол қайтыс болғаннан кейін 5 жыл өткен соң – Санкт-Петербургте оның шығармаларының жинағы қазақ ақыны Ибрагим Құнанбаевтың өлеңдері деп аталды. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы, оның жеке басының сүйкімділігі қазақ халқының мәдениетін өзгертуге серпін берді. Ол қазақтардың дүниетанымына жаңа бейнелер, формалар, сюжеттер, идеялар легін қосты, қазақ мәдениетінің оқшаулаудан шығуына ықпал етіп, оны дүниежүзілік әдебиеттің ықпалы үшін ашты.

Абай дәуірі тарихқа қаншалықты терең енсе, оның көп қырлы мұрасын зерттеу қажеттілігі соншалықты айқын сезілді. Бұл жұмысты бірінші болып әдебиеттанушылар, кейінірек мұғалімдер қабылдады. Қазақстанда Абай Құнанбаев туралы революцияға дейінгі кезеңдегі ұлы ақын, ойшыл, ағартушы, демократ ретінде көптеген зерттеулер жазылған, олар М. Әуезов, К.Бейсембиев, Е. Бекмаханов, О. Сегізбаев, Б. Ғабдуллин, С. Зимнов, А. Марғұлан, С. Мұқанов, М. Сиченко, Н. Смирнова және т. б. оның ағартушылық-педагогикалық мұрасы аз зерттелген. Ақын қоғамдық өмірдегі артта қалушылық пен тәртіпке қарсы шықты, өзі куә болған жаңа нәрсені шын жүректен қуана қарсы алды. Ол жастарды оқуға, орыс ғылымын, түрлі жаңа қолөнерді игеруге шақырды, қоғамның игілігі үшін адал жұмыс істеуге кеңес берді. Абай жастарды тәрбиелеуде отбасылық тәрбиеге ерекше мән берді. Абайдың ойынша, алғашқы және ең басты тәрбиешілер, мұғалімдер-ата-аналар. Абай надандық пен қараңғылыққа толы уақыт кетеді және оны жастар салатын жарқын әлем алмастырады деп сенді.

Қорыта келе, Абайдың педагогикалық көзқарастарын оның шығармашылығының ұлттық бастауларын зерттемей, оның халық педагогикасында, халық даналығында болған барлық прогрессивтіні өзіне сіңіргенін түсіну мүмкін емес. Бұл Абайдың философиялық және педагогикалық көзқарастарында ұлттық және халықаралық қарама-қайшы емес, бірақ өзара байланысты және бірін-бірі толықтыратын идеялар ретінде бірлікте әрекет ететіндігін түсіндіреді. Қазақ және басқа халықтардың мәдениеттері арасындағы өзара қарым-қатынас мәселелерін қамту туралы да осыны айтуға болады. Жалпы қазақтың қалыптасуына ықпалын тигізді.

Ментай ШАҒЫРБАЕВА.
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының оқытушысы.
Мадина ПЕРДЕНБЕКОВА.
Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану мамандығының 4 курс студенті.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті.
Алматы қаласы

ӘДЕБИ КЕШ

Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Бозой ауылдық округіне қарасты «Арай» мәдениет үйі және Бозой ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен ауылымыздың ақын қызы Гүлжан САКЕНОВА апайымыздың «Бойтұмарым-Бозойым» атты шығармашылық кеші өткен болатын.

Гүлжан апайымыз сонау жер жәннаты Жетісу өңірінде дүниеге келіп, балалық шағы Аяққұм ауылында өтіп, бар саналы ғұмырын Бозой ауылында өткізуде. Орта мектепті Бегімбет ауылында бітірді. Өмірлік жары, газ өндіру саласының маманы Есен Оразымбетовпен Бозойда жарасты тіршілік кешкен ол осында Ертөстік балабақшасында он алты жыл еңбек етті, ауылдағы «Арай» мәдениет үйін басқарды. Қазіргі таңда апайымыз ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере, жиен сүйіп отырған бақытты ана, кәсіпкер. Отбасын шырайына кіргізе жүріп, әлі күнге еңбектен қол үзбеген құнарлы ойларын жырмен кестелеп, қағазға түсіріп отырған. 2011 жылы Гүлжан апайдың «Бойтұмарым-Бозойым» атты жыр жинағы кітап болып басылып шыққан болатын. Бұл өлеңдер жинағында ауыл өмірінің ыстығы мен суығына төзіп, еңбек етіп, қуанышы мен қайғысын тең бөлісе білетін достары мен замандастарына, ата анаға, бауырға, Бозой жеріне деген махаббаты жайлы өлеңдері аудандық «Шалқар», «Шежірелі өлке» газеттеріне жарияланды. Біз мақтан етіп отырған Гүлжан апайымыздың туған жерге арнаған үш бірдей әнұраны бар. Олар: «Бойтұмарым-Бозойым», әнін жазған Шалқарлық сазгер Есенжол Өтебасов, «Жер жәннаты-Бозойым», әнін жазған термеші, сазгер Әділбек Сарин және «Бозойым-құтты мекенім» әнін жазған Қазақстан Республикасының белгілі композиторы Жалғас Кеңесов. Барлық әндері мерекелік кештерде айтылып, байқауларда жүлделі орындарға ие болуда. Сонымен қоса «Сенсің ана», «Ақ жеңешем», «Қызғұмыр қызғалдақ», «Балдыздарым базарым» атты өлеңдеріне де ән жазылып, халық ықылысына бөленуде.

Гүлжан апайымыз бұл жинағынан кейінде бір орында тұрып қалмағанын байқаймыз. Әрбір мереке сайын еліне, жеріне деген ыстық ықыласын өлең жолдарымен өрнектеп, оқырман халқына үздіксіз жолдап отырады. Кейде кездесіп қалғанда апай жаңа өлеңдеріңізді қашан шығарасыз деген сұрағымызда: сабақты ине сәтімен, бір сәті келген күні жарық көрер деп күлімсіреп жауап берген апайымыз:

Жақсы көр-деп біреуге жалынбадым,
Өлең-қамал қаладым алынғанын.
Өлең - бұлақ сусындап алайыншы,
Белгілі ғой өлген соң дамылдарым, - деген өлең жолдары арқылы өлеңмен тыныстап, әліде өлеңмен бірге өмір сүретінін анық айта келе былай деп армандайды:

Өле кетсем топыраққа айналам,
Құшағына ап қымтар мені бай далам.
Артта қалар азды күнгі жиғаным,
Артта қалар қимағанмен бай, балам.
Мен кетермін қалар артта жинағым,
Жырым менің бау мен бақша, қырманым.
Арманым жок көктен қарап көре алсам,
Ұрпағымның жырымды оқып тұрғанын...

Сөз соңында Гүлжан апайымызға деніңіз сау болып, қаламыңыз мұқалмасын, жазғаныңыздан жазарыңыз көп болсын апатай дегіміз келеді.

Салтанат УРАЗАЛИЕВА,
Бозой ауылдық кітапханасының аға кітапханашысы.
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы

БАЛТАҒҰЛ АҚЫН

Әнші, күйші, саятшы, атбегі, әрі жауырыны жерге тимеген палуан болған Халық ақыны Балтағұл Бигелдіұлы 1891жылы Алматы облысы, Балқаш ауданы, Желтораңғы ауылында дүниеге келген. Би, шешен, сынықшы, батырлар әулетінен шыққан. Күрті, Балқаш, Бақанас, Топар, Іле өңірін жайлаған елдің әйгілі көшбасшысы .

Балтағұл Бигелдіұлы халық ақыны Жамбыл , Кенен және де басқа ақындардан өнеге алған . 20 ғасырдын 20 жылдары Қосшылар одағын басқарып, ауылды кеңестендіруге белсене араласқан. Кейін шаруашылық қызметтерде болды. Балтағұл ауыл өмірі , замандастары туралы үздіксіз жырлады. Ақынның соңғы жылдардағы өлең – жырлары аудандық, облыстық газеттерде жарияланып тұрды. Ақынның алғашқы өлеңдер жинағына («Балқаш»,1970) «Балқаш қыз» «Бөлтірік», т.б. дастандары мен бір топ арнау – толғаулары енген.

Мен тудым Жетісудың Ілесінде,
Үлкен Балқаш көлінің күнесінде.
Жасымда Жетісу деп салған әнім,
Ұмытылмай әлі жүр ел есінде, - деп жырлаған халық ақыны Балтағұл Бигелдіұлының туғанына 130 жыл толу мерейтойына орай аудандық кітапхананың ұйымдастыруымен «Жыр көгінің сұңқары» атты онлайн әдеби сазды кеш өткізілді. Шара барысында ақынның өмірі мен шығармашылығы баяндалып, деректі фильм мен слайд-шолу ұсынылды. Аудандық кітапхананың «Ақ желкен» жас ақындар клубының мүшелерінің жатқа мәнерлеп оқуларында ақынның өлең-жырлары мен поэмаларынан үзінділер оқылды. Мәдениет үйі өнерпаздарының орындауларында ән шырқалды.

Балтағұл Бигелдіұлының соңында сезімге толы өлең жырларынан басқа «Балқаш» пен «Бөлтірік батыр» атты дастандары қалды. «Балқаш» дастанында қатал заманның құрбаны болған Балқия-Балқаш қыз бен Ерден жігіттің кіршіксіз махаббаты, олардың аянышты тағдыры сөз болады.Ұлы Абай айтқандай, «етімді шал сипаған құрт жесін»,-деп суға кеткен Балқаш қыздың есімімімен Көкше теңізі деп Балқаш көлі аталыпты деседі....

«Бөлтірік батыр» дастанында ел арасынан шыққан тарихи тұлға-Бөлтірік шешеннің ақылдылығы мен тапқырлығы, шешендігі сөз болады.

Жамбылдай алыбымның ізбасары,
Балтағұл- Балқашымның жыр дастаны.
Өзі жоқ арамызда, бірақ оның ,
Жырлары халқыменен сырласады - деп ақын Зекен ӘБІЛДАЕВ жырлағандай,Балтағұл Бигелдіұлының елді бірлікке, елдікке ерлікке еңбекке оқуға шақырған өлеңдері, тарихтан көптеген мағлұматтар беретін дастандары жастарды шешендікке, тапқырлыққа, ойлануға тәрбиелейтін, мысал, нақыл, мәтелдері мен жұмбақ өлеңдерінің де мәні зор екені де үлкен құрметке лайық.

Ақын Балтағұл Бигелдіұлының өз өмірінде туып өскен Балқаш ауданының бүгінгісіне азамат ретінде де, ақын ретінде де үлкен үлес қосқанын ерекше атап өтуге болады.

Қаракөз ЖҰМАДІЛОВА,
Алматы облысы, Балқаш аудандық кітапханасының кітапханашысы

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ, Жазушы

КӨЗ

ШЫТЫРМАН ОҚИҒАЛЫ ХИКАЯ

Жалғасы. Басы өткен санда

– Шегір сен қанша рет осы сотталдың?

– Алты рет.

– Алтауында да ұрлықпен түстің, ә? Есіңе мықтап сақта, енді біз кәкүр-шүкірге малданатын, көрінгеннің қойын-қонышын тінткенге алданатын карманниктер емеспіз. Жазықсыз жандарды бауыздап, ұрып жанын алатын қарақшы, қанішер болмаймыз. Біз қылмыскерлер әулеті төбесіне көтеретін интеллигент – «сері ұрылар» дәрежесіне көтерілеміз. Ол не екенін білесің бе,ә? Біз вокзал, автобус, базарларда көрінгеннің костюмін, әйелдердің сөмкесін аңдып жүретін көртышқандықтан құтылып, қалтамызда уыс-уыс доллар-евро жүретін, ақшаны көсіп табатын ірі іспен айналысамыз. Саған әбден сенемін. Ал, тыңда, жалаңаш кісіні ұры тонамайды. Құсирақ кедейге ешкім жоламайды. Біз атақты байларды аңдимыз. Олар көл-көсір байлығын елді жеп, тонап, жең ұшынан жалғасып жинады. Сен екеуміз енді сондай қаржысы мол мырзасымақты іздеп, дәл табуымыз керек, - деп қып-қызыл жұғындысы шыныға жұққан шефирді ұрттап қойып, тебірене айтқан оның әңгімесіне үнсіз бас шұлғи берді.

Беті бұжыр-бұжыр мұз көзді Қанжар айтпайды, айтса қайтпайды.

Оншақты күннен кейін бұл ұйқысынан тұрмай жатып ол үйдің қоңырауын басып тұрды.

– Шегір, сапарға дайындал! Алтын сарайлы адамды таптым.

Бүгін жұма кешке олар «Сегіз көлге» екі күнге демалуға кетеді. Мен әдейі бай-манаптар тұратын коттедж қалашығынан пәтер жалдап тұрдым, төңірегіме көз салып, байқап қарай бастадым. Сырты келіскен мрамормен қапталған зәулім үш-төрт қабат хан сарайындай үйлердің номерін, жүріс-тұрысын аңдыдым. Ақыры есік алдында құмда ойнап жүрген кішкентай балалардың бір-біріне «Біз ертең екі күнге «Сегіз көлге» шомылуға кетеміз» деп айтқанын естіп, қатты қуандым. Бұл сары шаш бала – көрші үш қабат әңгіредей биік қамал шетел үлгісімен салынған үйдің жалғыз ерке ұлы. Оның әкесі соңғы екі-үш жылда кенеттен байлыққа бөгіп қалған жас жігіт, криминал топтардың айтуынша наша сататын барон. Бұлар ақшасын банкке салуға қорқады, үйіне тығып ұстайды. Дайындал, Шегір – ұлы сапарға!

Қанжардың екі көзі де қанталап, өртше жанып тұрды.

Бұл мақұл деп бас изеп, оның айтқандарын орындауға тырысты. Екеуі Тастақтағы базарды аралап, кәкүр-шүкір сатып алды да түс ауа Қанжардың пәтерінде отырып, терезеден көршісін аңдыды. Кезінде физкультура институтын бітірген бұл жігіт біраз жыл базарларда курстастарымен рекэт болып жүрді. Одан өзі наша шегуге әдеттеніп, Шу өңіріне шығып, сол қарасора өскен алқаптан, қаптап жинап беретін жанкешті жандарды іздеп тапты. Әлденіп, қорланып алған соң сонау Ауғанстан, Тәжікстан арқылы әкелетін адамдардан қабылдап алып, Ресейге, Европаға тарататын наркобарон болып алды. Нашаның түтіні ащы, қылмысы ауыр болғанымен түсетін қаржысы тәтті. Кеше ғана ешкі сирақтанып доп қуып жүгіріп жүрген физкультурник криминалды әлемде қазақ наркобароны атанып, қатты байыды. Үйден үй салды, фазенда ұстап, жүйрік баптатты, ережесіз жекпе-жек төбелесіне демеуші болып, күпшектей семіріп кетті. Қанжар оның үйінде күзетшісі барын, өзі оққағарымен жүріп-тұратынын, көңілдесі қаланың орталығында тұратынын да біліп алды.

Кешке қарай үйден екі джип машинасы шықты. Үй күзетшісі ұзынтұра қарасұр киім киген жігіт қақпаны бекітіп алды.

– Ауласында аю алатын иттері бар шығар? – деп Шегір қаупін білдірді.

– Әйелінің ит, мысықтан аллергиясы бар, оларды ұстамайды, – деп Қанжар сөмкесіне салған асай-мүсейлерін қайта бір тексеріп шықты.

– Күзетшіні қайтеміз?

– Қыңқ деме. Оның жарасы жеңіл, – дегенде Қанжардың бұжыр-бұжыр беті бүлк етпеді.

– Өлтіреміз бе сонда?..

– Есіңде болсын Сері ұрылар адам қанын жүктемейді. Кеттік қане!

Көршінің үйіне жақындағанда жан-жағына сақтана қараған Қанжар қолына қолғап киіп, қақпаны шұқылап ашып, екеуі лып кіріп, қайта жапты. Күзетшінің үйшігі үйден алыстау бөлек салыныпты. Соның арт жағындағы шырша ағашы түбіне жасырынған Қанжар:

– Қазір анау іннен шығады. Соны қарап тұр. Мә, қолғап киіп ал, таңбаң қалмасын – деп сөмкесінен әлдене алып жатты.

Батыста қызыларайланып күн батып, алакөлеңке орнаған сәтте күзетші үйшігінен шығып, белін күтірлете керілді де, электр жарығын жаға бастады. Мысықша баспалаған Қанжар лып етіп артынан қаусыра құшақтаған күйі аузы-басын қолғабымен басып тұрып еді, анау қыңқ деуге мұршасы келмей, бұралаң етіп сұлап түсті.

– Мынаумен есінен тандырдым, тағы кішкене иіскетейік, енді екі-үш сағат есін жия алмайды. Сонда да сақтық керек, – деп, қол-аяғын матап, жіппен байлап тастады.

«Қанжар ашпайтын құлып жоқ» деген аңызды түрмеде талай естіген, ол сигнализацияны өшіріп, есікті шырт-бырт еткізіп ашып, үйге кіргізді.

– Сейф қайда екен, соны іздейік, - деп ары-бері қарап, үшінші қабаттағы ұйықтайтын бөлмеге келгенде, қабырғадағы ілулі тұрған әйелі екеуінің үлкейтілген портретін дереу жұлып алып еді, арт жағындағы жасырып қойған сейф көрінді.

Ары-бері тартқыштап еді, түк қозғалта алмады, қабырғадағы сейфті тұтас бетонмен құйып тастапты. Қанжар отыра қалып, жасырын цифрын түрткілеп, құлпын шұқылай бастады.

– Ананы қарап қой, тұрып кетпесін! – деген соң астына түсіп, серейіп жатқан байлаулы күзетшіні көріп, қайта көтерілсе сейфті ашып, бума-бума ақшаны мойнына асып алған сөмкесіне салып алыпты.

– Кеттік! – деді ақырын ғана.

– Анау байлаулы жата ма? - деді бұл далаға шыққан соң күзетшіні нұқсап.

– Жатсын. Күн жылы, айқайласа да ешкім мұнда кіре алмайды.

Ертеңгісін сағат онда ауыстыратын адам келгенше демала тұрсын, - деп қақпадан зып беріп шығып, енді келесі көшеден такси ұстап мініп, Шегірдікіне келді.

Терезенің пердесін қымтап жауып, ә дегеннен сөмкедегі ақшаны ортаға төкті. Жай ақша емес, он мындықтан оралған су жаңа доллрлар. Санап жіберіп еді екі жүз жиырма мың! Қанжар екіге теңдей бөліп, бұның қолына жүз он мыңын ұстатты.

Таң қараңғысында мұны оятып, шефирін ішіп отырып:

– Поезбен Петропавловскіге бара жатырмын. Мені ондырмай алдап кеткен серігім жарты миллион доллармен сонда қашып жүр. Ресейге өтіп кетпесе соны ұстап, құстырамын. Ал, ары Тамбовқа кетсе қуып барамын. Ол сұмырай алты жыл түрмеде отырғанымда бір келмеді, не хабарласпады. Мен он екі жылға сотталғанмын. Ақшаны құлқындарына құйып-құйып жарты мерзімнен кейін шықтым ғой. Жыланның уы басында, ал адамның жауы қасында. Алтын періштені де жолдан тайдырады. Саған сенемін. Шымкенттегі тыққан қазынамды керек жерге жеткізіп бердің. Оны алысымен жоқ болып қашып кетсең қайтемін... Аман-сау қайтып оралған соң өмір бойы жоқшылықты білмей өтетін пұл табатын әнеукүнгі айтқан операцияны бір рет қана істейміз де, тым-тырыс байлыққа малынып өмір сүретін боламыз. Шегір, арақ ішпе, ешкімге жолама, тығылып, жасырынып жүр мен келгенше. Ескі «Жигули» машина сатып ал да, сыртына тиіспе, ал ішін, моторын түгел жап-жаңаға ауыстырып, мініп ал! Бірден иномарка мінсең көзге түсесің. Ана наркобарон полицияға хабарлауға қорқады, бұл қылмысты тіпті күзетшілерінен көруі де мүмкін. Мені күт, жайлап жақсылап демал. Енді қайтып зонаға бармауымыз керек. Бәрін ақылмен, ойланып істейік. Ал, жақсы, абайлап жүр, - деп құшақтап қоштасты.

Қанжар кеткеннен кейін бума-бума долларды қайта сипалап, елжірей мейірлене қарағанда көзі суланып, кілмиіп қылиланып кетті.

***

Сыртын бұршақ ұрған егіндей дала-даласы шыққан «Жигули» оңай табылды. Ақырын тырылдатып машина жөндеу шеберханасына келгенде ешкім кезек бермей, өңкей әп-әдемі үлкен иномаркалар қасында жапырайып, жүнін жұлған тауықтай сүмірейген мұның көлігіне шеберлер көз қиығын да салмады.

Шегір машинадан түсіп, шеберхана ішін аралап келе жатқанда, үстіне көк комбинезон киген шомбал денелі шебердің түр-тұлғасы көзіне оттай басылды.

Жанына барып ту сыртынан қарап тұрғанда әлгі жігіт артына жалт қарады да бірден:

– Шегір бұл сенбісің? – деп бірден таныды.

– Боксшы, сен осында ма едің?

– Иә, осыны кәсіп етіп жүрмін, айлығы жақсы, - деп май-май қолын шүберекпен сүрте берді.

– Көрмегелі қай заман, түк өзгермепсің, тек көлденеңнен өсіп, толып кеткен сияқтысың. Сені атақты чемпион болады деп едік, қалайсың?

– Физкультура инситутына түсіп, бітірдім ғой. Төбелескіш небір мықтылар көп екен. Осы қаланың жарысында бірінші орын алып жүрдік. Шегір, сен көп өзгеріп кеткендейсің, шашың ағарып кетіпті, жүдеу, арықсың тым. Шашыңды қап-қараға боятып алсаңшы. Иә, қайдан жүрсің?

– Бір ескі «Жигули» алып едім, соны жөндетейін деп.

– Ой, сол да проблема болып па. Қайсы, анау тұрған ба, кілтін тастап кет, не істеу керегін мә мына қағазға жазып бер. Қатырамыз, - дегенде бетінің жартысын алып жатқан алақандай көздері жайнап, жасылдана құлпырды.

Бұл бұрыштағы темір столға барып, қағаз-қаламын алып жаза бастағанда:

– Боксшы, Сізге Барон әдейі жіберді,- деген дауысқа жалт қараса, екі жігіт Ахметке әлденені айтып жатыр. Біреуі кешегі өздері байлап кеткен темекішіл күзетші.

Бұл есік сыртына барып, жасырынды. Аналар келіп жатқан иномаркаларды сүзіп, қарап шығып кетіп қалды.

– «Жаңадан қымбат машина сатып алған жан келсе ақырын бізге хабарлас» деп телефонын беріп кетті. Бастықтарымен институтта бірге оқығам.

– Сенімен ас ішейік, әңгімелесейік. Кешкі сағат алты жарымда анау тұрған кафеде кездесейік. Боксшы, күтем сонда. Ана «Жигулидің» бүкіл ішек-қарнын, ішін түгел жаңаға ауыстыр. Сырты осы қалпында қала берсін. Бағасын кешке айтарсың.

– Мұздай қатырамыз.

Ұйғыр кафесінде кешкі салқында екеуі манты, шашлык жеп, әңгіме-дүкен құрып отырды.

– Бала-шағаң бар ма?- деп Боксшы төтесінен сұрақ қойды.

– Қайдан болсын? Ана жақтан шықтық қой, - деп Шегір «Шын ұрылар үйленбейді» - дегенді айтуға ұмтылып барып тоқтап қалды. Өзіне көбігі көпіршіген сыра алдырып, екі саптыаяқты тартып алды. Ал сыныптасының тәбеті жау шапқандай алдына келген асты бос қайтармай соғып жатыр.

– Өзің ше, отбасың бар шығар?

– Әрине. Екі балам бар. Әйелім тағы екіқабат. Тек әттеген-айы үйім жоқ. Сені де шақырып, үйден дәм татқызуға болар еді, бірақ әлі жатақханада тұрамыз. Банктен ипотекаға үш бөлмелі пәтер алуға барлық қағаздарды реттестіріп қойып, қарызға ақша іздеп жүрмін. Аванс төлесе болды, үй дайын. Айтпақшы, банкте маған көмектескен Жарас. Баяғы мектепте көзілдірігі мұрнына түсіп жүретін Шәлтік ше? Сол банкте кредит бөлімінде дардай қызметкер. Үйіне шақырды, орталықта алтын квадратта төрт бөлмелі үйі бар, екі жыл бұрын үйленіпті.

– Иә, иә, есіме түсті сыныпта ылғи бірінші партада отырып алып, қай сабақ болса да қол көтеріп, тақылдаған бәле оқымысты еді. Айтпақшы, оның адресін берші, сәлемдесіп шығайын, - деп Шегірдің жанары ойнақшып кетті.

Кафеден шығарда қалтасынан бір бумасын шығарып екі мың долларды санап:

– Жигулидің моторы, дөңгелегі, салоны түгел жап-жаңа болсын, – деп беріп еді Боксшының бадырайған ала көздері алаң ете қалып, мұның қолындағы ораулы долларды тесіп жіберердей қарап, берген қаржыны лып еткізіп қалтасына салып алды.

– Қатырамыз! – деді көңілдене.

Далаға шыққанан кейін қыбыжықтап, кетпей қолынан тартып:

– Шегір, бір сыныпта бірге оқып, бірге өстік қой. Маған жиырма мың доллар қарыз бере аласың ба? Ипотекамен үй алар едім... Ана Барон курстасым жұмысқа шақырып жүр, сұрасам қанша болса да беретін түрі бар. Бірақ оның қолы таза емес. Қылмысқа итеріп жіберіп, түрмеде шіруім, не біреу өлтіріп кетуі мүмкін. Анада қонаққа шақырды, әбден байып алыпты, төрт үйім бар деп бөсіп отыр. Одан алуға сескенемін...

– Боксшы, ойланайын. Хабарын беремін, – деді бірден лып етіп келіспей.

– Екеуміз де детдомда бірге өстік қой, ешкімім жоқ, қиын екен.

Шегір такси ұстап мініп кетті. Боксшы аялдамада троллейбус күтіп қалды.

***

Ертеңіне қатып үр жаңа киім киіп, галстук тағып, француз әтірін себінген Шегір кешкі апақ-сапақта Шәлтіктің үйінің төрінде отырды.

Есіктің әндеткен қоңырауын шырылдатып тұрғанда:

– Гуля, Гуляжан сенбісің? - деп темір есікті асығааптыға ашқан Шәлтік алдында сықиып киінген ұзын сұсты кісіні көріп, көзілдірігін түсіріп ала жаздады.

– Сізге кім керек еді? – деді кекештене.

– Шәлтік керек! - деп оны қолымен жасқай ысырып, Шегір залға өтіп, шалқайып отырып алды.

– Шаруаңыз болса банкке келіңіз, - деді тіп-тік тұрған бойы көзі жыпылықтап үй иесі.

– Математикадан миың шатасып кеткен ғой деймін. Шегірмін ғой мен, жас кезіңде талай сабағаным есіңде ме?

– А-а, Шегірсің бе? Сені түрмеде деп еді ғой...

– Кім айтты?

– Боксшы. Қалай өзгеріп кеткенсің, баяғы бала кезіңнен түк жоқ.

Танымай қалдым ғой. Не ішесің, бірдеңе құяйын ба?

– Нең бар?

– Ақ, коньяк...

– Виски мұзымен әкел.

– Ол жоқ болып тұр.

– Әй, Шәлтік өзің банкте істейсің, генералдың жалғыз тал ұлысың. Сен нағыз байбатшасың ғой.

– Банкте жай қызметкермін. Әкей қайтыс болған. Келіншегім бизнесте, сұлулық салонын ашамын деген соң соған арналған үй әпердім, мына пәтерді сатып алдық. Қазір банкрот болып отырмыз.

– Ақ арағыңды әкел, – деп екі рюмкеге құйып еді:

– Мен ішпеймін ғой, татып алмаймын, - деп Шәлтік азар-безер болды.

– Сендерге не болған? Боксшы да ішпейді, сен де. Жарайды онда мен кеттім, – деп Шегір көтеріп алып тастады.

– Шегір, неге түрмеге түсе бересің осы? – деп түйеден түскендей сұрақ қойды.

– Кісі өлтіргенім үшін. Кім тілімді алмаса, ренжітсе тауықтай бауыздап, басын лақтырып тастаймын.

– Қойшы-ей!

– Адам өлтіргім келіп тұрады. Бұл туа біткен ауру, кеселім ғой.

Қанша жанды жаһаннамға жібердім, қаншасын тас байлап көлге лақтырдым. Міне, мынау екі жүзді кездігім куә бәріне, – деп екі жүзді финка пышағын сырт еткізіп ашып, жауып көрсетті.

– Сен нағыз рецедивист – қанышер екенсің ғой.

– Олай деме, түрмеге барғанда көресің, мен сияқтыларға құрмет көрсетіп, атақ береді.

Шәлтіктің кішкентай түймедей көзі жыпылықтап, көзілдірігін бір алып, бір киіп тұрғанда есікті кілтімен ашып келіншегі кірді.

– Гуля, сыныптасым мені іздеп келіпті, - деді алдынан ебелектей жүгіріп шығып.

Тұсақ бөксе, қаз кеуде қоңыр-күрең шашы иығында сусылдап тұрған келіншектің сұлулығына тұтқындалып, көзі жанардай жанған Шегір орнынан қалай тұрып кеткенін өзі де байқамады.

Аққала тістерін көрсете тәтті жымиып тұрған оның қолын алып, сүйді де, азан қойып шақырған есімін айтып, сыбыр ете түсті.

– Барыс!

– Гуля! – деді де келіншек бөксесі былқ-сылқ етіп бұла жүрісімен басқа бөлмеге кіріп кетті.

– Әй, Шәлтік, адам өлтіре салу оңай деп пе едің. Ешуақ, ешқашан мен адам қанын жүктемеймін. Саған ойнап, қалжыңдап айтқаным ғой. Әлі қорқақ екенсің ғой, – деп ыржия күліп еді, Шәлтік:

– Е-е, солай десеңші, адамды шошытпай, - деп дастархан әзірлей бастады.

Гуля гүлді-гүлді жібек халатын киіп, қастарына келгенде Шегір отқағар көзін одан ала алмай қалды. Банкир зыр қағып, шәугім әкеп, шәй құйды.

– Ау, сыныптасым, сен ішпесең де мына келіншегің коньяк ішетін шығар, – деп еді:

– Жүз грамм ғана... Сіз үшін, - деп хрусталдай үні сыңғыр ете қалды. Екі жүз ішкеннен кейін Гуля бұған наздана көзін төңкере қарап:

– Жап-жас екенсіз. Шашыңызды қап-қараға боятып алмайсыз ба? – деп бір қойды.

– Бізге жігіттер келіп қолына, бетіне, үстіне массаж жасатып, әуелі тырнақтарына дейін алдырып, жасарып шығады, – деп жанарымен шарпып, қылықтана үн қатып, визиткасын ұсынды.

– Гуля, дұрыс айтасыз. Бизнес деп өзімізге қарамай кеттік. Ертең қай уақытқа барайын?

– Сізге қай кезде келсеңіз де есік ашық. Менің сүйікті жарымның досына қызмет көрсету – бақыт қой, – деп күйеуінің арқасынан сипап қойды.

– Үйлеріңе тұңғыш келіп отырмын. Мынау көрімдігім, – деп келіншектің жібек халатының қалтасына бес жүз доллар салып тұрып, ашық қалған омырауына, әппақ мойнына, тырсылдап, дірілдеген қос анарына сұқтанып, бірақ сыр бермей тіп-тік қалпы қоштасып шығып бара жатыр еді Шәлтік:

– Далаға дейін шығарып салайын, - деп емпеңдеп ере шықты.

Көше бойы ары-бері ағылған машиналар, Шегір темекісін алып тұтатты.

– Шегір, әкемнен қалған он бес сотый жері бар дачам бар, соны сатамын. Қатты қиналып, пұл керек болып тұрғаны. Әйтпесе керемет жерде...

– Қанша сұрайсың? – деп бұл тоқ еткізді.

– Гулямен ақылдасайын, – деп ол күмілжіді.

Таксимен пәтеріне келген соң балконға қайта-қайта шығып, темекісін үсті-үстіне тартып, жаңа ойдың жетегінен шыға алмай түні бойы дөңбекшіді.

Ертесіне түске таман сұлулық салонында кешегі кербез келіншекке шашын алдырып отырды.

– Қайда істейсіз? – деп Гуля айналасын көкпеңбек бояп алған көзін төңкере, наздана сұрады.

– Сауда-саттық компаниясының президентімін. Шет елдерден товар алдырып сатамын.

– Нендей товарлар сонда?

– Иномарка машиналардан бастап бір жаныңызға не керек бәрін әкелеміз, – деп оның дөңгеленген бөксесіне, оқтай түзу балтырына, кеудесін жарып жіберердей тырсиған кеудесіндегі қос анарын әдейі көрсеткісі келгендей ақ халатының омырау тұсын ашықтау қалдырған тұсына көз сұғын қадап, жұтынып қойды.

Жалғасы бар

ДІР ЕТТІ КЕУДЕ ТҰСЫМ...

Алма ТҮСІПБЕКОВА –
1978 жылы 17 қыркүйекте
Қарағанды облысы, Ұлытау ауданы,
Қаракеңгір ауылында дүниеге келген.

...Жаныма медеу бірақ
Сыртыңнан көріп қалдым,
Дір етті кеуде тұсым.
Жолымда жолыққан мұң-
Жанымды сен де түсін.

Жанарың, өзім ғашық,
Бұрынғы қалпында әлі.
...Қалайша төзім қашып,
Сол сезім салқындады?..

Отына өртенгенмін,
Маздаған махаббаттың.
Іздеме.
Ерте өлгенмін,
Серті боп шапағаттың.

Тұнжырлау бақты кезіп,
Келемін баяу басып.
Қолымда-ақ білезік,
Сендік сый-аяулы, асық.

Сыртыңнан көріп қалдым,
Дір етті кеуде тұсым.
Жолымда жолыққан мұң –
Жанымды сен де түсін.

Тәкаппар, биік еді,
Музадай мендік арман.
...Кер-тірлік күйігі еді –
Ғұмырым енді қалған.

Жүрекке демеу – жырақ,
Тиеген нала кенін.
...Жаныма медеу бірақ,
Өмірде бар екенің...

Табар ма мені жыр-құмай?
Жүк артып алып атанға,
Жапанға кетсем...
Жапанға.

Құм кешіп жүрсем сосын бір,
(Дайынмын іштей сапарға).
Жабырқау жанға ексе гүл,
Сырымен жанға сепсе нұр.

Тарамыс қолын ұсынып,
Сырласым болса – сексеуіл.
Білдіріп маған аяныш,
Жаныма болса таяныш.

Тікен де болсаң сипар ем,
Құмдағы өскен баялыш.
Құмдағы ғажап тыныштық,
Шуақ боп жанға тым ыстық.

Бойымды жазып жатайын,
Жіберген қала құныс қып.
Көшеді құмдар, көшеді,
Өткені сонда өшеді.

... Өкпек боп соққан өткені,
Маңдайым соры – бес елі...
Бір жүріп келем, бір құлай,
Табар ма мені жыр-құмай?

... Құмменен бірге мұңым да,
Көшіп бір кетсе...
Шіркін-ай!..

ӘППАҚ ҚАР ЖАУЫП ТҰР

Айнала ақ мамық,
Жаным тұр ақ түске шаттанып.
Мендегі қайғы-мұң – бәрі де,
Кеткендей келмеске аттанып.

Әппақ қар жауып тұр.
Бақты да қар басып мәуелі,
(Көңілде сол бір шақ әуені).
Қалықтап құлаған ақ ұлпа,
Секілді аспанның сәлемі.

Әппақ қар жауып тұр.
Керемет, ақ көрпе жапқаның,
Бір жұмбақ өзіңнен тапқаным:
Жібімей өтетін тасжүрек

Айналдым, керемет келбеттен!
Сәбидің көңілі секілді,
Ақ мамық, таза едің сен неткен?!
Әппақ қар жауып тұр.

(Тылсымның тілегін созбашы,
Аспанның дерегін қозғашы).
Жылылық көргенде еріген,
Көктегі арманның көз жасы...

Әппақ қар жауып тұр.
Ғашық-ау, ол сірә, жерге тым,
Келісті қылам деп келбетін.
Қараны қабылдап өзіне,

Ақ түспен көмеді жер бетін.
Әппақ қар жауып тұр.
Жанымның сүрткен соң айнасын,
Ғашық боп қалғам-ау, айға шын.

... Оралхан қаламын тербеген,
Қар қызы, сырласым, қайдасың?!
Әппақ қар жауып тұр...
Мендегі сағыныш ерітер...

Жандардан артықсың, ақ қарым!..
Әппақ қар жауып тұр.

Жанымды шуағы шарпыған,
Жырақтан естілді шалқып ән.
... Анамның пейілі секілді,
Ақ ұлпа, аспаннан қалқыған.
Әппақ қар жауып тұр.
Сезімнің нөсерін селдеткен,

Түсінсең,
Осы еді болмысым,
Сен ғана – мендегі зор мүсін.
(Өзіңе көңілім толды шын).
Жанымды жауратып, қарыған,
Сен осы – тоңбысың?..

Мінезден, білемін, тағдырдан наз ұқтық,
(Қоймаған Тәңірім жолымды жазық қып).
Мен жүрмін ертеңгі елесті азық қып.
Біздерді бөлетін шекара –
Сендегі асқақтық,
Мендегі нәзіктік...

Жабығып,
Жалғыздық тұмарын тағынып.
Арманым!
Өзіңді кеттім-ау сағынып.
Біздерді қосатын бір белгі –
Мендегі кешірім,

Сендегі ақ үміт...
Сейіліп өкініш өкпегі,
Келеді көңілдің көктемі.
(Өзіңдей ғажап жан жоқ, тегі...)
Мендегі сағыныш ерітер,

Сендегі көк сүңгі – өкпені...
Өмір де қатал-ақ,
(Біздерді бақытсыз атамақ).

Шөлдедім сезімге, қаталап.
Білерім – қосады біздерді,
Мендегі, сендегі махаббат!..

Өзіңді көрдім де,
мәңгіге ұнатқам.
Мына ақ таң
үмітті үкілеп,
Қорықпай сынақтан.
Мендегі төзім де таусылды,
Сендегі жауапсыз сұрақтан.

ТАҒЫ ДА КЕЛМЕДІҢІЗ...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ –
1993 жылы 10 қыркүйекте
Алматы облысы, Панфилов ауданы,
Жаркент қаласында дүниеге келген.

***

Қабырғасы хан орданың уығындай күлікпен,
құба жонда қалқыдым.
Қара да беріш қаталдығымды жібіткен,
жамалы сүттей, алтыным!

Көзе толы шәрбатыңа у қоссаң да татар ем,
Сезсем де үнсіз қылғытам.
Адырнасы арқарішек садақ асқан...
«шақар» ем,
жымияды нұрлы таң.

Сарысүйек шыңнан биік көксеңгірлі талаппен,
саған сәтте ынтықтым.

Жанарыңнан бір жалының ыршып түсті, әні, әттең,
дүр оянды бүртік-мұң...

Тағы-тірлік, тарпаңдықты құшағында бусандыр,
жатсын жайнап жанарым.
Жыртқыш соққан көңілімдей толқысыншы жусан қыр,
Жауын сүйген танабын.

Қабырғасы хан орданың уығындай күлікпен,
құба жонда қалқыдым.
Қара да беріш қаталдығымды жібіткен,
жамалы сүттей, алтыным!

***

Тағы да келмедіңіз;
жасыл өңді жарық мекен күтті алдан,

Ана-қайың омырауынан сүт тамған
бұталарын күміс шықпен құндақтап,
жанымды үңгіп, жәудір көзбен сұқтанған.

Асқар мұзын тілшелеген ұлы орман,
жақ ашпайды,
тоңғақ көңіл – жыларман!
«Келмейді» деп құстар қиқу салады-ау,
«Сенбейді» деп қасарысты бір арман.

Зерлі күміс белбеуіндей жылтырап,
Өзен жатыр,
ол да өзіңдей сылқым-ақ!

Бұлан қашты шаңырақтай мүйізбен,
үмітімнің ақ шарқатын жыртып ап...

Ақ тиындай кәрі еменде күні өткен,
пәк сезім-ай, орын алған жүректен
елік орғып теріскейді бетке алды,
асау тамыр өзің бе деп дір еткен...

Күнсалғанмен,
келмесіңді жаңа ұқтым,
(Өмір қандай,
өмір қандай жарық тым!)
Біз сүйіскен самырсынның түбінде,
бозаң күйде сағынышымды сарықтым.

Жылдар өтті, біз баспаған соқпақты,
қау бүркеді,
қияқ-тісті шөп қапты.
Ұлы орманның тамырындай,
кесілген –
сол соқпақты,
жетім жаным жоқтап тұр...

Үш қоңыр
Әдебиет — ардақ ісі
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Мерей
№15 (534) 16 сәуір 2021 жыл

КІТАПХАНАДАҒЫ ҒАЖАЙЫП ТУЫНДЫЛАР

Өткен жолы шенді азаматтың бірі кітапханалардың керегі жоқ, бос шығын жасамау керек деген пікір айтып, бұл әңгіме қоғамда үлкен пікір талас тудырғаны есімізде. Мәселеге Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ араласып, кітапханасыз, кітапсыз мемлекеттің болашағы бұлыңғыр екендігін, әдебиетке соның ішінде, балалар оқуына баса көңіл аудару керектігін атап айтқан болатын. Білімнің - кітапта екендігін, болашақта компьютерде отырғандарды кітап оқығандар басқаратындығын Елбасы Н.НАЗАРБАЕВ та айтқан болатын. Шындығында да кітап оқуды, соның ішінде жақсы кітап оқуды әдетке айналдырған жөн. Дүкендерде кітаптың бағасы қымбат, нарық шарықтап тұрған уақытта екінің бірі кітап сатып алуға қауқарсыз. Ал, кітапханаларда жақсы кітаптарды тегін оқуға мүмкіндік мол. Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығымен салыстырғанда соңғы жылдары кітапханаларға мемлекеттік тапсырыспен шыққан жақсы кітаптар көптеп түсуде. Негізінен қазақ тіліндегі кітаптар, соның ішінде тәрбиелік мәні бар кітаптар өте көп.

Жақында кітапханаға сондай кітаптардың бірі мемлекеттік тапсырыспен шыққан Сауытбек Абдрахмановтың «Абыз Әбіш» атты кітабы келді. Кітапханашы болған соң жаңа кітапты бір шолып қарап шығу міндетім. Кейбірі ұнайды, кейбірі тартпайды, қысқасы келген кітаптың бәрін оқып шығам деп өтірік айтпай-ақ қояйын. Бірақ...мына кітап мені баурап алды.

Бір жылдары Е.Сағындықов облыс әкімі боп тұрған кезде Ақтөбеге Мырзатай Жолдасбеков пен Әбіш КЕКІЛБАЕВ келді. Кездесу болды. Баяндамалар оқылатын болды. Әдеттегідей селқостау тыңдап отырғанмын, байқасам керемет бір мазмұнды әңгіме кетті дейсің. Түк жалықпастан, ұйып тыңдап қалыппын, бір демде аяқталып та қалғанын байқамаппын. Бұл Әбіш КЕКІЛБАЕВТЫҢ баяндамасы еді. Не деген сөз саптау, не деген көркем тіл, не деген тереңдік, тамсанып, қанбай қалғандай әсермен шықтым.

2019 жылдың соңында Елордада кемеңгердің 80 жылдығына арналған ғылыми-практикалық конференция болғанды. Сол кезде Тұрсын Жұртбай, Мырзатай Жолдасбеков сынды зиялылар керемет әңгімелер өрбітті. Сол жолы «Шыңырау» фильмін көргенбіз. Қабірінің басына барып, зиярат жасағанбыз.

Осыдан он шақты жыл бұрын біздің үйдің бір тойында асаба атын айтпай-ақ қояйын Маңғыстаудан келген құрбымды таныстырғанда 362 әулие шыққан, Әбішті қосқанда 363 әулие шыққан киелі жерден келген деп таныстырғаны есімде. Сөзінің жаны бар еді. Әулие десе әулие еді.

Көзі тірісінде де небір атақтар мен теңеулерге ие болған абыз аға туралы өскелең ұрпаққа қанша айтса да артық емес.

С.Абдрахманов бұл кітапта Әбіштің ойшылдығы туралы толғаныстарын жазыпты. Кітаптың алғысөзін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ жазған.

Елбасы Н.НАЗАРБАЕВ Ә.КЕКІЛБАЕВТЫ «Алаштың әлем алдындағы бетке ұстар ірі тұлғаларының бірі» деп бағалаған. Қазақ әдебиетінің классигі, данышпан ойшылы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, алып тұлға, жазушы, аудармашы, әдебиеттанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, ойшыл, публицист, саясаткер туралы көптеген ғылыми еңбектер жарық көргені рас. Ал, бұл кітапта Ә.КЕКІЛБАЕВТЫҢ ұланғайыр ойшылдығы әбден талданғанын Қ.ТОҚАЕВ алғысөзінде атап айтыпты.

Қалтай Мұхамеджанов «межконтинетальная баллистическая ракетаны білесің бе?» Әбіштің размахы сондай деген екен.

Шыңғыс Айтматов «Он неисчерпаемый» депті осы кітаптың авторына. Жалпы бұл кітапты оқып отырған адам Әбіш Кекілбаевтың сан алуан қырлары туралы біраз мәлімет алатыны қақ. Сауытбек Абдрахманов: «Қаламгердің қазақ қоғамындағы орнын оның жазушылығымен де, тарихшылығымен де, ойшылдығымен де, саясаткерлігімен де, қайраткерлігімен де толық жеткізіп айта алмаймыз. Әбіш Кекілбаев туындылары жалпыадамзаттық мәселелерді әлемдік өреде қарастыратындығымен, ой тереңдігінің, көркемдік кестенің, тіл өрнегінің классикалық үлгісін көрсетуімен, қай жанрға салғанда да өрен жүйрік шығатындығымен, әрі көп, әрі дөп жазуға болатындығын дәлелдеуімен тәнті етеді. Бір бойында жазушының, ақынның, драматургтың, аудармашының, мемлекеттік қайраткердің, саясаттанушының, тарихшының, философтың, мәдениеттанушының, өнертанушының, әлеуметтанушының, пулицистің, журналистің, шешеннің таланты тамаша тоғысқан, соның бәр-бәрін далалық данышпандықтың қайнарынан суарған Әбіш Кекілбаевтың шын мәнінде феномен құбылысқа жататыны қазірдің өзінде талас тудырмайды» деп атап көрсетіпті.

Парламент мінберінен талас тудырған ұлттық мүдденi қорғау туралы талай шырылдағаны, дарабоздың ақылдылығы, шебер мәмілегерлігі керек жерінде алабұртқан халықтың санасын сабасына түсіргенін де естен шығармапты.

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ қазақтың көрнекті қаламгері, детектив жанрының ізашары, әкесі Кемел Тоқаев туралы «Әке туралы ой-толғау» кітабында ол кісінің Әбіш Кекілбаевқа көзқарасы ерекше болғанын, шығармаларының тарихи ауқымдылығы мен

философиялық тереңдігі үшін, гуманитария саласында энциклопедиялық білімділігі үшін жоғары бағалағанын және қазақ әдебиетінің классигі болатынын атап айтқанын осы кітапта үзінді арқылы келтірген екен.

Сонымен қатар кітапта абыздың әр жерде әр жылдары жарияланған мақалаларындағы, сөйлеген сөздеріндегі ойының тұңғиығы, тілінің шеберлігі, ақылының тереңдігі мысалдармен келтірілген.

Кітапта Әбіштің ақындығы туралы да ой бөліседі. Әкесі соғыстан оралмаған бала «Қарындасым Нұрайша»

өлеңінде өзінің балалық шағынан сыр шерткені, кенже қарындасы Тілектестің іште қалып, әкесі қан майданда жүргенде туғаны, көкесінің суреті де сақталмағаны шебер суреттелген:

Қуантты бізді сол күні
Сәбидің тұңғыш ащы үні.
Жылатты бізді сол күні
Почташының қапшығы.

Көңілді көктем құшып қап
Ажыратты қыс қайта.
Түске дейін құттықтап,
Бата оқыды ел түс қайта.

Иесін тапса бір бесік,
Оққа ұшты бір солдат.
Келеді қарғам жылда өсіп,
Тереді қырдан гүл таңдап.

Жылдарға ерді Нұрайша,
Жылдар алға зулайды.
Көз көргендер шын айтса,
Көкесінен аумайды.

Аумайды ма менен деп,
Мазалап жүр талайды.
Көкешімді көрем деп,
Айнаға көп қарайды.

Бейбіт заманда да көкесін көре алмай іште қалғандар қаншама. Демек өлеңде қуаныш пен қайғының қатар жүретіні, уақытқа қарамайтыны бүгінгі күнге де тән жағдай демекпін.

Сонымен қатар бұл кітапта Әбіш КЕКІЛБАЕВТЫҢ көптеген зиялы қауым, танымал тұлғалар туралы пайымдауларына автор өз талдауын жасаған. Махамбет, Ахмет Жұбанов, Төлеген Айбергенов, Жұмекен Нәжімеденов, Мұқағали Мақатаев, Иран-Ғайып, Жарасхан Әбдірәшев сынды ұлт қаймақтары туралы материал іздегенде Ә.Кекілбаевқа жүгінуге болатыны да назардан тыс қалмапты.

Кітаптың өн бойы толып тұрған керемет теңеулер. Тілі сондай көркем. Әбіш айтты ма, ол туралы айтылды ма, не автор сөзі ме, кімнің сөзі екенін кітапты оқу барысында білерсіздер, бәлкім бір керегіңізге жарап қалар деген ой ғой менікі. Осы кітаптағы әдемі тізбектелген жолдарды мен де өз қойын кітабыма түртіп алдым. Мысалы, Көз біткенді телміртіп, көңіл біткенді емірентіп жүруші едің... Көкірегіңе даңғыл, көмейіңе бұлбұл орнап, болмысыңнан тайсалмайтын маңдай, таңғалмайтын таңдай жоқ.... Аласа төнсе еңкеймей, Биік төнсе шалқаймай... Асылдықтың қасиеті мен қасіреті бірдей...Өмір жолын алшаң басып, асқақ жүріп тауыстың... Бозторғай боп жырлап, сандуғаш боп сайрап, таңдайынан бал емізіп, балбырата тамсандырып... Саңлақ шешен, ғұлама ойшыл, сұңғыла суреткер, көреген көсем... Толғанды, тебіренді, күрсінді, қуанды, шаттанды, шабыттанды, аһ ұрды, аңырады, еңіреді... Тауда болар тарғыл тас, тарықса көзден шығар жас, Тар қолтықтан оқ тисе, шығады сүйеп қарындас... Тереңнен суырып айтатын, таңдайды қуырып айтатын ... Жүзінен іні түгілі аға иметіп, сөзінен шала түгілі дана қаймығушы еді...

Осы жолдарды оқып отырғанда еріксіз тамсанасыз, таңданасыз.

Идеология ақсап барады деп байбалам салып жүрген бүгінгі күнде мынадай кітапты оқымау дұрыс емес деп білемін. Біздің ұрпақ көбіне кітаппен тәрбиеленген жандармыз. Әке-шешелеріміздің шала сауатты болғанын да жасырмаймыз. Ол кісілердің жетіжылдық білімі қазіргі қос-қос дипломы бар жоғары білімді жастардан кем емес еді-ау. Ата-анамыз бізге алдымен тәрбие берді. Білімді

сосын алдық. Десек те тап біздің замандастарымыздың ішінен бас жарып, көз шығарғандар болмаған секілді. Обалды, сауапты, ұятты біліп өстік. Себебі кітап оқыдық.

Оқимын деген адамға жаңадан келген кітаптардың бірқатарын атап кетейін. Т.Боранғалиұлының Жәңгір хан, А.Тасболатов пен Т.Мұсаевтың Қазақтың хас батырлары, Е. Әлімжанның Анажар, Ж.Боранбаевтың Тума талант Саттар Ерубаев туралы сыр, С.Латиеваның Хадиша мен Байғали, Қазақ және әлем тілдері мақал-мәтелдері, М.Төлебаевтың Ұлы дала әуендері (қазақ халық аспаптар оркестріне лайықталған шығармалары), Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы, Қорқыт ата кітабы, Ж.Ахмадиевтің Қазымбет қазы т.б әр түрлі талғамдағы оқырмандарға арналған кітаптар кітапханаларда бар.

Ал, біздің кітапханада сонымен қатар балаларға арналған тактильді (қолмен ұстап, сипап сезіп оқитын) кітаптар да бар. Аудиокітаптар да бар. Жолға алып жүруге, көлікте тыңдауға өте ыңғайлы, көшіріп те береміз, телефоныңызға да жүктеуге көмектесеміз.

Сөз соңында «Адамды адам қылған - кітап, адамзат қылған – кітапхана» деген қанатты сөзді айтқан абыз Әбіш туралы оқығыңыз келсе кітапханаға келіңіз. Жазушы мен оқырман арасын жалғайтын кітапхана және кітапханашы болғандықтан келген жаңа кітап туралы хабардар ету менің парызым еді, соны орындауға тырыстым. Таңдау өздеріңізде, қадірлі оқырман.

Гүлстан ХАМЗИНА,
Ақтөбе облыстық зағиптар және нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасының директоры

Ғалия ҒАЗИЗОВА

РУХАНИЯТ ШЫРАҚШЫСЫ

Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі бүгінгі таңда тамырын тереңге жайған бәйтеректей оқырмандарына талмай қызмет ететін руханият ордасы. 47 жылдық тарихы бар мекеменің қала мәдениетінде алар орны ерекше.

Мәдениет ұжымының әрбір қызметкерінің еңбектері ерен деп толықтай айта аламыз. Кітапханашылардың өлшеусіз жасалып жатқан жұмыстардың нәтижесі де, назардан тыс қалмай жыл сайын мемлекет тарапынан марапатталып жатады. Солардың ішінде, орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ақпаратты-библиографиялық бөлімінің меңгерушісі Ғалия ҒАЗИЗОВА Исламқызы да, бар. Ғалия Исламқызын 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні қарсаңында Қазақстан салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағының «ЕҢБЕК ДАҢҚЫ» төсбелгісімен Қарағанды облысынан келген «Қазақстан өндірістік мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық қауымдастығының өңірлік филиалының басшысы Алмагүл Усерова Тайманқызы марапаттады. Кітапхана тарихында аталмыш төсбелгімен алғаш марапатталған Ғалия Исламқызы болды.

Ғалия Ғазизова Исламқызы 32 жыл өмірін кітапхана саласына арнап келе жатқан тәжірбиелі маман.

Ең алғаш 1989 жылы кітапхана саласына мәдени – ағарту училищесін тәмамдағанан кейін, арнайы жолдамамен оқырманға қызмет көрсету бөліміне жұмысқа орналасты. 2003 жылы Қазақ мемлекеттік қыздар институтының «кітапханашы-библиограф» факультетін бітіріп, жоғары білім алды. Ғалия Исламқызы кітапханашылықтан бастаған еңбек жолын қазір Ақпаратты-библиографиялық бөлім меңгерушісі «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы бойынша кітапхана жұмысы күрделене түсті. «РАБИС» бағдарламасы бойынша цифрлы технологияны меңгеріп, инновациялық әдістерді қолданып оны жүйелі түрде жүргізуде белсенділік танытып келеді.

Ғалия Ғазизова өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтын маман иесі. Әрдайым оқырмандардың рухани қуаттануына жол сілтеп, білім, өнер мен мәдениетті дамытуда елеулі еңбегі мен үлес қосып, қызмет көрсетудің жаңа технологияларын меңгеруде біліктілігі мен білімін танытып келеді. Өз ісінің қыр-сырын терең меңгерген меңгеруші кітапхананың барлық ішкі жұмыстарына белсене қатысып, оқырмандармен тығыз байланыста болып, қажетті ақпаратпен, әдеби шығармалармен, баспасөз мәлеметтерімен қамтамасыз етіп, жастарды жан-жақты, білімді болуына еселі еңбегін арнап келеді.

Кітапхана – кеше мен бүгінгінің тоғысатын қасиетті нүктесі. Ата-бабамыздан қалған асыл істерді әрі қарай жалғастырып, өз мәдениетімізді, дәстүрімізді, тілімізді дамытуға еңбек етіп келе жатқан кітапханамыздың рухани шарықшысы болып жүрген ардақты жар, аяулы ана, ақ жаулықты әже, кәсіби маман Ғалия Исламқызын бізде шын жүректен құттықтап, шығармалық жұмыстарына толағай табыстар тілейміз!

Гүлзада СҮЙНБАЕВА,
Қарағанды облысы, Жезқазған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі, ақпараттық-библиографиялық бөлім библиографы

Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ
Директор – Бас редактор
Болат БАТЫР

● Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінен 7 шілде 2016 жылы тіркеуден өтіп, №16061 –Г куәлігі берілді.
● *(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414 –Г,10.10.2009 ж.)*

● «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
● Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» редакциясының компьютер орталығында жасалып, «Дәуір» ЖШС баспаханасында (Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 –үй) басылды.

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
● «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
● Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

e–mail: ushkonyr_gazeti@mail.ru
Редакция мекен–жайы: 050022, Алматы қаласы, Құрманғазы көшесі №145
Телефон: 8701–981–81–22
Таралымы 10000 дана Тапсырыс 534
(ЮНЕСКО, Франция, Париж қ.) сериялық басылымдарды тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында тіркелген және халықаралық номер берілген
ISSN 2306-9686
Меншік иесі және шығарушы «Болат медиа» мекемесі